

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 тамызда № 15495 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) ресми жарияланған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2017 жылғы 19 шілде

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2017 жылғы 17 шілдедегі
№ 209 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-бөлім. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік

ұйымдар, цирктер) басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Басшылардың лауазымдары

Параграф 1. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік ұйымдар, цирк) директоры

1. Лауазымдық міндеттері:

Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымның (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді; мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын анықтайды;

қаржылық және материалдық жабдықтауды, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды жасауды, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайталанатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) әзірлеуді ұйымдастырады;

қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді;

ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шаралар қабылдайды.

директор орынбасарларына, шығармашылық және өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі;

шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;

ұйым жұмыскерлерімен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;

бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда ұйымның мүдделерін қорғайды.

2. Білуі тиіс:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі – Конституция);

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін (бұдан әрі – Бюджет кодексі);

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (бұдан әрі – Еңбек кодексі);

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" (бұдан әрі - "Мәдениет туралы"), 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" (бұдан әрі - "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы"), 1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" (бұдан әрі - "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы"), 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" (бұдан әрі - "Мемлекеттік мүлік туралы"), 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алулар туралы" (бұдан әрі - "Мемлекеттік сатып алулар туралы") заңдарын.

3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "мәдениеттану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдар (театрлар, концерттік ұйымдар, цирк) директорының орынбасары

4. Лауазымдық міндеттері:

ұйым қойылымдарының (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) көрсетілім жоспарының орындалуын ұйымдастырады;

көшпелі қойылымдардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, оларды өткізуді ұйымдастыру шарттарының жобаларын дайындайды;

қызметтің негізгі бағыттары бойынша жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста ұйым мүдделеріне өкілдік етеді;

шаруашылық және техникалық қызметтердің жұмыстарын ұйымдастырады;

ұйымның құрылымдық бөлімшелері үшін кадрларды іріктеуді жүзеге асырады және оларды ұйым директорына ұсынады;

жұмыскерлердің өндірістік білім алуы мен біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады, олардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртіптемесін сақтауларын қамтамасыз етеді;

жұмыскерлердің медициналық тексеруден тұрақты өтуін қамтамасыз етеді.

5. Білуі тиіс:

Конституциясы;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

6. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экономика" немесе "құқықтану" мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы басшылық лауазымдарда 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Цирктің бағдарламаларды шығару бойынша шығармашылық ұжымының жетекшісі

7. Лауазымдық міндеттері:

цирктің бағдарламаларды шығару бойынша шығармашылық ұжымына ұйымдастырушылық-шығармашылық жетекшілікті жүзеге асырады;

цирк жұмысын жоспарлауды және жоспардың орындалуын, дайындық кезеңінің өтуін қамтамасыз етеді;

шығармашылық ұжымның өндірістік-шығармашылық қызметіне, бағдарламаларды шығаруға қатысты жұмыстарды орындайды;

цирк жұмыскерлерімен цирк манежінде және алаңдарда шығармашылық ұжым көрсетілімдерін өткізуді ұйымдастырады;

цирк ұйымының көркемдік және қызмет көрсету персоналын іріктеп алуды қамтамасыз етеді;

аппаратураны, реквизитті және костюмдерді жөндеу бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;

бағдарламаларды шығарушы шығармашылық ұжымның қойылымдық жұмыстарына шығыс сметасын жасайды;

шығармашылық ұжымда жайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етеді;

шығармашылық ұжым жұмыскерлерінің еңбек тәртіптемесін орындауын қамтамасыз етеді.

8. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын.

9. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "мәдениеттану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және өнер ұйымдарында, немесе мәдениетті басқару органдарында басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Бас режиссер

10. Лауазымдық міндеттері:

театр, музыка, би және цирк ұжымдарының көркемдік-эртiстiк персоналына жаңа және бұған дейiн жасалған қойылымдарды (спектакльдердi, концерттердi, көрсетiлiмдердi) жаңғырту бойынша шығармашылық басшылықты жүзеге асырады;

қойылымдардың жоғары көркемдiк деңгейiн қамтамасыз етедi;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетiлiмдерiнiң күнтiзбелiк жоспарын қарастырады және директордың бекiтуiне ұсынады;

перспективалық репертуарлар жоспарларын, қойылым қоюдың жоспар-кестелерiн әзiрлейдi және оларды бекiтуге директорға уақтылы ұсынады;

қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады;

жұмыс үдерiсiнде авторлармен және шығармашылық одақтармен тұрақты байланысты жүзеге асырады, төраға немесе төрағаның орынбасары ретiнде органның көркемдiк кеңесiнiң жұмысына қатысады;

шығармашылық құрамның iшiнде тәрбиелiк жұмыстарды жүргiзедi;

шығармашылық жұмыскерлердiң кәсiби шеберлiктерiн арттыру жөнiндегi iс-шараларды ұйымдастырады және тiкелей қатысады;

көркемдiк-эртiстiк персоналдың шығармашылық және еңбек тәртiбiн сақтауларын қамтамасыз етедi, қызметкерлердi ынталандыру туралы және тәртiптiк жазаға тарту туралы ұсыныстар енгiзедi.

11. Бiлуi тиiс:

Конституцияны;

Еңбек кодексiн;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

шығармашылық үдерiс әдiснамасын, режиссура және актерлiк шеберлiк теориясы мен практикасын, сахналық және музыкалық безендiру негiздерiн, вокал және хор өнерiнiң негiздерiн, цирк жанрларын, шетел театрларының (концерт ұйымдары, цирк ұжымдары) жұмыс тәжiрибелерiн, классикалық және заманауи драматургияны, музыкалық-сахналық туындының партитурасы және клавиримен жұмыс iстеудi.

12. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдарда мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 5. Бас дирижер

13. Лауазымдық міндеттері:

музыкалық қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) жаңаларын жасау және бұрын жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және басшылық жасайды;

тұрақты орындардағы, көшпелі және гастрольдердегі қойылымдардың жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

оркестрге дирижерлік етеді;

ұзақмерзімдік репертуарлық жоспарларды, қойылымдар қоюдың жоспар-кестелерін әзірлейді, қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады.

14. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

дирижерлік ету теориясын, музыкалық театрлар мен концерттік ұйымдардың классикалық және заманауи репертуарларын, музыка және театр тарихын, музыкалық драматургия, актерлік шеберлік, вокалдық өнер негіздерін, вокалдық педагогика әдістемесін.

15. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 6. Бас балетмейстер

16. Лауазымдық міндеттері:

балет қойылымдарының (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) жаңаларын дайындау және шығару және бұған дейін жасалғандарын жаңарту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және басшылық жасайды;

тұрақты орындарда, сапарларда және гастрольдерде қойылымдардың жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

композиторлармен және драматургтармен жаңа сахналық туындылар жасау бойынша жұмыстар жүргізеді;

балет труппасы (би ұжымы) жұмысының көркемдік қағидаларын айқындайды, ұзақмерзімдік репертуарлық жоспарларын, қойылымдар жасаудың жоспар-кестесін әзірлейді, қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімдерінің күнтізбелік жоспарын қарастырады және басшылыққа бекітуге ұсынады;

шығармашылық кадрларды іріктеуге, орналастыру мен пайдалануға, балет құрамының кәсіби білім алуын ұйымдастыруға қатысады.

17. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

шығармашылық үдерістің әдіснамасын, музыкалық драматургия негіздерін, режиссура және актерлік шеберлік теориясын және оның хореография өнерінде қолданылуын, классикалық, заманауи және халық хореографиясын.

18. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 7. Бас хормейстер

19. Лауазымдық міндеттері:

хор ұжымына басшылық жасайды, тұрақты орындарда, сапарларда және гастрольдерде оның шығармашылық қызметінің жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді;

қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) жаңаларын дайындау және шығару және бұған дейін жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысады;

композиторлармен жаңа сахналық туындыларды жасау бойынша жұмыс жүргізеді;

перспективалық күнтізбелік жоспарларды, қойылымдар жасаудың жоспар-кестелерін әзірлеуге қатысады;

хор жетекшілерінің жұмысын қамтамасыз етеді, оларға қажетті шығармашылық көмек көрсетеді;

шығармашылық кадрларды іріктеуге, орналастыру мен пайдалануға, олардың кәсіби білім алуын ұйымдастыруға қатысады;

хор әртістерінің шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауларын қамтамасыз етеді

20. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық театрдағы (ұжымдағы) шығармашылық үдерістің әдіснамасын, музыкалық театрлар мен ұжымдардың классикалық және заманауи репертуарын.

21. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"музыкатану" немесе "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 8. Бас суретші

22. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) көркемдік-қойылымдық шешімдерінің қағидаларын әзірлейді;

жаңа және жаңартылатын қойылымдардың, театр интерьерінің көркемдік безендірілуі мен сахна безендірілуінің, жарнамалар мен тақырыптық көрмелердің сапасын қамтамасыз етеді;

қоюшылардың пайымына сәйкес жаңа және бұрын дайындалған қойылымдарды безендіруді жасайды;

негізгі қойылымдарды безендіруге (декорациялар, костюмдер) қатысады, жаңа және жаңартылатын қойылымдарға безендіру макеттері мен эскиздерінің, костюмдердің уақтылы ұсынылуын, қойылымдарды дайындау мен сахнаға шығарудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

көркемдік-қойылым жөніндегі мамандардың жұмысын қамтамасыз етеді және оларға қажетті шығармашылық көмек көрсетеді;

көркемдік-қойылым жөніндегі кадрларды іріктеуге қатысады, олардың кәсіби өсуіне ықпал етеді;

театр-қойылымдық техникалар, технологиялар, жаңа материалдар саласында ең жаңа жетістіктерді зерделеуді және енгізуді ұйымдастырады.

23. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы (бұдан әрі – "Жарнама туралы") заңдарын;

қойылымдарды сахналық безендірудің барлық компоненттерін жасау және әзірлеу қағидаларын, декорация өнерінің тарихын, театр тарихын.

24. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 9. Бас әкімші (спектальдерді, концерттерді, цирк көрсетілімдерін ұйымдастыру жөніндегі менеджер)

25. Лауазымдық міндеттері:

көрермендерді қабылдауға және қызмет көрсетуге көрермендер залын, театрлық ойын-сауық ұйымның құрамы үшін сахна сыртындағы бөлмелерді даярлайды, театрлық ойын-сауық ұйымдардың орынжайларында және оған жапсарлас аумақтарда тазалықты қамтамасыз етеді;

жарнамалауды, бағдарламалардың, буклеттердің сатылымын ұйымдастырады;

көрермендерге, ұйымның жұмыскерлеріне қызмет көрсететін буфеттердің жұмысын қамтамасыз етеді, фойеде сауда нүктелерінің жұмысын ұйымдастырады;

көшпелі спектакльдерді, концерттерді, цирк көрсетілімдерін ұйымдастыруға, гастрольдерді даярлауға және өткізуге қатысады.

26. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Жарнама туралы" заңдарын.

27. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 10. Әдеби-драмалық бөлім меңгерушісі (жетекшісі)

28. Лауазымдық міндеттері:

театрдың репертуарын қалыптастыруға қатысады, қажетті әдеби материалды іріктеуге қатысады және мамандардың кеңес беруін ұйымдастырады;

шығармашылық одақтармен байланысты жүзеге асырады, жаңа шығармаларды жасау немесе сатып алу бойынша шарт жасау жұмыстарын ұйымдастырады және авторлардың шарт міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді;

ұйымның көркемдік кеңесінің жаңа туындыларды талқылауын ұйымдастырады, қойылымға қабылданған шығармалар мәтіндері мен либреттосын редакциялайды;

жарнамалық басылымдарды редакциялайды;

бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен байланысты жүзеге асырады.

29. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы" заңдарын;

театр, музыка, балет, әдебиет тарихын, музыкалық драматургия негіздерін, классикалық және қазіргі заман әдебиетін.

30. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "филология" немесе "журналистика" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 11. Музыка бөлімінің меңгерушісі (жетекшісі)

31. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) музыкалық безендірілуін жасау бойынша жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады;

ұжымның репертуарында музыканы пайдалану әдістерін жасайды;

жаңа қойылымдар үшін музыка жасауға тартылатын композиторлардың кандидатуралары туралы ұсыныстар енгізеді;

оркестрдің, концертмейстердің жұмысын басқарады, қойылымдағы рөлдерді орындаушылармен музыка сабақтарын және дайындықтар өткізеді, радиотехниктер мен дыбыс режиссерлерінің жұмысын қамтамасыз етеді;

сахнада музыканың (ән) орындалуына байланысты рөлдерді бөлуге қатысады;

сахнада музыканың орындалу көркемдік сапасын, жаңа қойылымдардың музыкалық безендірілуін, оркестр әртістері мен жекелей музыкант-орындаушылардың тиісті пайдаланылуы мен жұмыспен жүктелуін қамтамасыз етеді.

32. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын.

33. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"музыкатану" немесе "вокалдық өнер" немесе "дәстүрлі музыкалық өнер" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 12. Труппа меңгерушісі (жетекшісі)

34. Лауазымдық міндеттері:

театр труппасының өндірістік-шығармашылық қызметіне ұйымдастыру-шылық басшылықты жүзеге асырады;

ағымдағы репертуар спектакльдерінде труппаның тиімді және біркелкі жүктелуін қамтамасыз етеді;

жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың рөлдерін бөлуге қатысады, ағымдағы репертуардағы спектакльдерге жаңа орындаушыларды енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

әртістерден жаңа рөлдерге өтінімдер қабылдайды және оларды басшылықтың қарауына ұсынады;

қойылымға қабылданған жаңа спектакльдер мен қайта қойылатын қойылымдар бойынша дайындық жұмыстарының жоспарын жасауға, театрдың ағымдағы репертуарын жоспарлауға қатысады;

спектакльдерде әртістердің өнер көрсету нормаларының орындалуын және көркемдік персоналдың қойылым нормаларын есепке алуды жүзеге асырады, театрдың шығармашылық құрамының шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді.

35. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

ұйымның шығармашылық-өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметін реттейтін мәдениет саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін.

36. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"вокалдық өнер" немесе "режиссура" немесе "актерлік өнер" немесе "хореография" немесе "мәдениеттану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 13. Көркемдік-қойылымдық бөлімінің меңгерушісі (жетекшісі)

37. Лауазымдық міндеттері:

тұрақты орындарда да, гастрольдер мен сапарлар кезінде де қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) өткізілуін, декорациялардың жасалуын, олардың құрастырылуын ұйымдастырады;

безендіру макеттері мен эскиздерін қарауға қатысады;

техникалық мамандармен бірге олардың талқылануын, макеттерді, сметалық және техникалық құжаттамаларды жасауды, құрастыру сызбаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

спектакльдерді, бағдарламаларды көркемдік безендіру бойынша жоспарлар мен кестелер жасауды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді, қосалқы қорлардан безендіру бөлшектерін таңдау және пайдалану мүмкіндігін ұйымдастырады;

гастрольдерге және көшпелі спектакльдерге сахналық мүлікті дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

38. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

театр декорацияларын, жиһаздарды, реквизиттерді және т.б. жасау техникасы мен технологияларын, театр өндірісінде қолданылатын материалдар фактураларының қасиеттерін, ерекшеліктерін, декорацияларды сақтау және тасымалдау қағидаларын.

39. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 14. Өндірістік шеберхана меңгерушісі (жетекшісі)

40. Лауазымдық міндеттері:

өндірістік шеберхананың қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) материалдық безендірілуін жасау бойынша жұмыстарын басқарады;

көркемдік-қойылымдық бөлімнің декорацияларды безендіру, толықтыру және ағымдағы жөндеу бойынша тапсырмаларының уақтылы әрі сапалы орындалуын, жаңа және бұған дейін жасалған қойылымдардың, ағымдағы репертуардың безендірілуін қамтамасыз етеді;

жабдықтарды жаңғырту, техника мен технологияның ең жаңа жетістіктерін енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

41. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

безендіру заттары мен бөлшектерін жасау, қолданылатын жабдықтарды техникалық пайдалану технологиясын.

42. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "өнер және

мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 15. Театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) топ (оркестр, ансамбль), бөлім жетекшісі

43. Лауазымдық міндеттері:

концерттік іс-шаралардың музыкалық безендірілуін жасау бойынша жұмысқа басшылықты жүзеге асырады;

режиссермен бірлесе отырып, ұжым репертуарында музыканы пайдалану әдістерін әзірлейді;

жаңа қойылымдар үшін музыканы жасауға тартылатын композиторлардың кандидатуралары туралы ұсыныстар енгізеді;

оркестрдің (ансамбльдің) және сүйемелдеуші-концертмейстерлердің жұмыстарын басқарады, орындаушылармен музыкалық сабақтар мен дайындықтар өткізеді, радиотехниктер мен дыбыс режиссерлерінің жұмыстарын қамтамасыз етеді;

партияларды, рөлдерді, нөмірлерді бөлуге қатысады;

сахнада шығармаларды орындаудың көркемдік сапасын, жаңа қойылымдардың музыкалық безендірілуін дайындауды, әртістердің тиісті пайдаланылуы мен жүктелуін қамтамасыз етеді;

дайындық жоспарлары мен дайындық кестелерін, жаңа қойылымдарды дайындаудың жоспар-кестелерін құруды, дайындықтар мен концерттердің, көрсетілімдердің, көркемдік және әртістік персоналдың шығармашылық жұмысының есебін жүргізуді ұйымдастырады.

44. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыка, балет тарихын, музыкалық жұмыс ерекшеліктерін.

45. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және театрлық ойын-сауық ұйымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандардың лауазымдары

Параграф 1. Көркемдік жетекшісі

46. Лауазымдық міндеттері:

театр, музыка, би, цирк ұжымдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

тұрақты орындарда, гастрольдік және шығармашылық сапарларда өнер көрсету кезінде қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, цирк көрсетілімдерінің) жоғары көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді, жаңа қойылымдарды жасаумен және бұрын жасалған қойылымдарды жаңартумен, тұрақты, гастрольдік және шығармашылық сапарларда өнер көрсету кезінде оларды жалға берумен байланысты жұмыстар кешенін қамтамасыз етеді;

ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімінің күнтізбелік жоспарларын қарастырады және бекітеді;

белгіленген нормаларға сәйкес негізгі қойылымдардың көрсетілімін жүзеге асырады, авторлармен жаңа сахналық туындыларды жасау бойынша жұмыстар жүргізеді;

ұжым жұмысының көркемдік қағидаттарын анықтайды, ұзақмерзімді репертуарлар жоспарларын, қойылымдар жасаудың жоспар-кестелерін бекітеді;

қойылым топтары мен орындаушылардың құрамдарын қалыптастырады;

төраға ретінде көркемдік кеңестің жұмысын басқарады;

шығармашылық кадрлардың іріктелуін, орналастырылуын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

эргістік-көркемдік персоналдың шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді тарифтеу, ынталандыру туралы және тәртіптік жазаға тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

47. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

шығармашылық үдерістің әдіснамасын, режиссура және актерлік шеберліктің теориясы мен практикасын, сахналық және музыкалық безендіру негіздерін, музыкалық өнер негіздерін, шетелдік театрлық ойын-сауық ұйымдардың жұмыс тәжірибесін, классикалық және заманауи драматургияны.

48. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша театрлық ойын-сауық ұйымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Қоюшы-режиссер

49. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, қойылымдарды) шығаруды және бұған дейін жасалғандарын жаңғыртуды жүзеге асырады;

өзіне тапсырылған қойылымдардың жоғары идеялық және көркемдік деңгейін, олардың шығарылымын қамтамасыз етеді, дайындық үдерісін жоспарлайды;

театрлық ойын-сауық ұйымдар басшылығына қойылым топтары мен орындаушылар құрамдарын қалыптастыру бойынша ұсыныстарын жасайды;

көркемдік-қойылымдық бөлімнің жұмысына басшылық жасайды және қамтамасыз етеді;

партиялар мен рөлдердің жаңа орындаушыларын енгізеді, қойылған және жаңартылған қойылымдардың сапасын қамтамасыз етеді;

шығармашылық жұмыскерлердің кәсіби шеберліктерін арттыруға арналған шараларға тікелей қатысады;

шығармашылық және еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді ынталандыру және тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

50. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" , "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

режиссура және актерлік шеберлік теориясын, сахналық және музыкалық безендіру негіздерін, классикалық және заманауи драматургияны, вокалдық, хор және хореографиялық өнер негіздерін, партитурамен және музыкалық-сахналық шығармалармен жұмысты.

51. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты режиссер маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 3. Режиссер

52. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жасауға және бұған дейін жасалғандарын жаңғыртуға тікелей қатысады;

қойылымдарға жаңа орындаушылардың енгізілуін жүзеге асырады, дайындық үдерісін жоспарлайды;

театрлық ойын-сауық ұйымдардың өндірістік-шығармашылық қызметтеріне қатысты жұмыстарды қамтамасыз етеді.

53. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

классикалық және қазіргі заман драматургиясын, режиссура және актерлік шеберліктің теориясы мен практикасын, партитурамен және музыкалық-сахналық шығармамен жұмыс істеуді, спектакльдерді (концерттік, цирктік бағдарламаларды) сахналық және музыкалық безендіруді, вокалдық өнер негіздерін.

54. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты режиссер маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты режиссер маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ режиссер маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 4. Дыбыс режиссері

55. Лауазымдық міндеттері:

жаңа және қайта жаңғыртылған қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) дайындауға қатысады, техникалық құралдарды пайдалана отырып, қойылымдардың дыбыстық безендірілуін жасайды;

қойылымдарды жасаудың дайындық кезеңіне қатысады, қажетті фонограммалар таңдайды және (немесе) оларды жаздыруды ұйымдастырады;

дайындық үдерісін фонограммалармен қамтамасыз етуге қатысады;

ағымдағы репертуар қойылымдарында фонограммалардың дыбысталу сапасын қамтамасыз етеді;

ұйымның радиоцехы жұмыскерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша шаралар әзірлеуге, көрермендер аудиториясын ұлғайтуға бағытталған орындаушылық өнерді насихаттау жұмысына тікелей қатысады;

дыбыс жазушы және дыбыс үдетуші жабдықтарды алдын ала тексеру және ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарын жүзеге асырады.

56. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

режиссура және актерлік шеберлік негіздерін, қойылымдарды музыкалық және дыбыстық безендірудің теориясы мен практикасын, заманауи дыбыс жазушы және дыбыс шығарушы аппаратуралардың параметрлері мен техникалық сипаттамаларын, дыбыс жазу және дыбыс шығару технологиясын, акустика негіздерін, театр және концерттік залдардың, цирктердің акустикалық мүмкіндіктерін, отандық және әлемдік театр, музыка, цирк өнері мен әдебиеті тарихын.

57. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 5. Қоюшы-балетмейстер

58. Лауазымдық міндеттері:

жаңа балет қойылымдарын (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жасауға және бұған дейін жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысады;

балет спектакльдеріне жаңа және қосалқы орындаушыларды енгізеді;

орындаушылармен дайындықтар және сабақтар өткізеді, ағымдағы репертуар қойылымдарының сапасын қадағалайды.

59. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

музыкалық, би ұжымдарындағы, концерттік ұйымдардағы шығармашылық үдерістердің әдіснамасын, классикалық және халық хореографиясын, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін және олардың хореография өнерінде қолданылуын;

60. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

**Параграф 6. Театрдың (опера және балет, музыкалық комедия, музыкалық драма),
цирктің балетмейстері**

61. Лауазымдық міндеттері:

жаңа балет қойылымдарын (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жасауға және бұған дейін жасалғандарын жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысады;

қойылымдардың би-пластикалық шешімдерін әзірлейді;

жаңа және бұдан бұрын жасалған спектакльдердегі жекелеген хореографиялық-би нөмірлердің, концерттік бағдарламаларға арналған дербес нөмірлердің қойылымдарын жүзеге асырады.

62. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

классикалық, заманауи және халық хореографиясын, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін және олардың хореография өнерінде қолданылуын, музыкалық драматургия негіздерін, тренажды жұмыстың түрлері мен әдістерін

63. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 7. Дирижер

64. Лауазымдық міндеттері:

бұрын жасалған қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) қою және жаңғырту бойынша дербес музыкалық жұмыстарды жүзеге асырады;

құрамға жаңа орындаушыларды енгізеді, ағымдағы репертуар қойылымдарының сапасын қамтамасыз етеді.

65. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

музыкалық театрлардағы, музыка, би, цирк ұжымдарындағы, концерттік ұйымдардағы шығармашылық үдерістің әдіснамасын, дирижерлік теориясын, сахна безендірудің негіздерін, музыкалық театрлар мен концерттік ұйымдардың классикалық және заманауи репертуарларын, музыка және театр тарихын, музыкалық драматургия, актерлік шеберлік, вокал өнерінің негіздерін, вокалдық педагогиканың әдістемесін, вокалдық-сахналық образды жасау мақсатында партиялар бойынша әншілермен жұмысты.

66. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша орта кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 8. Хормейстер (хор дирижері)

67. Лауазымдық міндеттері:

жаңа және бұған дейін жасалған қойылымдарда (спектакльдерде, концерттерде) хор партияларының әзірлігін қамтамасыз етеді;

әртістермен топтық және жеке сабақтар өткізеді, ағымдағы репертуар шығармаларының орындалу сапасын қамтамасыз етеді;

хор ұжымының өндірістік-шығармашылық қызметіне байланысты жұмыстарды орындайды.

68. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

музыкалық ұжымдардағы, концерттік ұйымдардағы шығармашылық үдерістің әдіснамасын.

69. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "дирижерлау" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хормен дирижерлау" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 9. Қоюшы-суретші

70. Лауазымдық міндеттері:

жаңа және бұрын жасалған қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) сахналық безендірілуі және жарық түсіру партитуралары бойынша жұмысты жүзеге асырады;

жұмыс кестесіне сәйкес, материалдардың фактурасын көрсете отырып, декорациялар мен костюмдердің, аса күрделі гримдердің эскиздерін, безендірудің жұмыс макетін, декорациялардың, жиһаздардың және бутафориялардың габариттік сызбаларын, бутафория мен реквизиттердің түрлі-түсті суреттерін, эскиздерін жасауды қамтамасыз етеді;

сахналық безендіру мен жарық түсіру аппаратураларының уақтылы жөнделуін қамтамасыз етеді;

театр-қойылымдық техникасы, технологиялар мен жаңа материалдар саласындағы ең жаңа жетістіктерді зерделеуді және өндіріске енгізуді ұйымдастырады.

71. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

сахналық безендірудің барлық компоненттерінің жасалу технологияларын, сахналық безендіру, театрлық техника мен технология саласында отандық және шетелдік театрлардың тәжірибелерін.

72. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 10. Суретші-гример

73. Лауазымдық міндеттері:

грим және пастиж құралдары арқылы қойылым (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) кейіпкерлерінің сыртқы бейнелерін, эскиздер мен суреттеулер бойынша күрделі жеке және портреттік гримдер жасайды;

гримнің көркемдік сапасын, әрбір әрекет етуші тұлғаның портреттік мінездемесінің біртұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді;

соңғы гримді бекітеді, негізгі орындаушыларды гримдейді;

эпизодтағы кейіпкерлерді, топтық және көпшілік көріністерге қатысушыларды гримдеу бойынша жұмыстарды басқарады, пастижерлік бұйымдарды жөндеу және жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

74. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

кейіпкерлердің сыртқы бейнесінің сызбасын жасауды, грим (косметика) өндірісінің технологиясын, барлық пастижерлік бұйымдардың жасалу тәсілдерін, визажист жұмысының техникасын, тұстану негіздерін, көркемдік жарық түсіру қағидаттарын, түс сүзгілерінің мақсатын, пластикалық бөлшектер жасағанда қолданылатын материалдардың қасиеттерін, грим түрлерін, заманауи косметология жетістіктерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды.

75. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 11. Жарық түсіру бойынша суретші

76. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жарық түсіру арқылы көркемдік безендірудің стилистикасын жасайды;

макет қабылдауға қатысады, орнату бойынша нақты ұсыныстар береді, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып, қойылымдардың жарық түсіру жұмыстарын жасайды;

жарық әсерлерін, қажетті техникалық құралдарды және құжаттамаларды жасайды;

партитуралардағы белгіленген көркемдік жарық түсіруді бекіте отырып, қойылымның жарық беру дайындықтарын жүргізеді;

қойылымдар барысында түсетін көркемдік жарықтың дәл орындалуын қамтамасыз етеді;

қойылымды жарықтандыруды жаңғыртудың келешектегі жоспарларын жасайды.

77. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

материалдық мәдениет және сценография тарихын, сахна техникасы мен технологиясын, театрлық жарықтандыру саласындағы ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін, сценографияның дамуын, электротехниканы, оптиканы, электрониканы, есептеуіш техниканы, тұстануды, механиканы.

78. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "кескіндеме" немесе "графика" немесе "дизайн" немесе "бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "кескіндеме" немесе "графика" немесе "дизайн" немесе "бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "кескіндеме" немесе "графика" немесе "дизайн" немесе "бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "кескіндеме" немесе "графика" немесе "дизайн" немесе "бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 12. Суретші-бутафор

79. Лауазымдық міндеттері:

дайын қалыптар бойынша папье-машеден бутафорлық бұйымдарды жасау, қоюшы-суретшінің эскиздері бойынша, түрлі материалдардан ұсақ суреттермен өрнектелген бутафорлық бұйымдарды, макеттерді әзірлеу бойынша жұмыстарды атқарады;

эскиздер бойынша түстер жасайды, гипстен үлгі қалыптар құяды, ағаштарға қалып береді, дәлпішімдік жұмыстарды, органикалық әйнектен, фольгадан жұмыстар жасайды;

түрлі материалдардан гүлдер, өз көлеміндегі тұлыптарды жасайды;

күміс және алтынға ұқсатып металл бұйымдарын соғады. Бутафорлық бұйымдарды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарына қатысады.

80. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

ұсақ суреттермен өрнектелген көлемді бутафорлық бұйымдар жасау техникасын, еліктеме заттарын жасау және қалпына келтіру жұмыстарының технологиясын, бутафорлық бұйымдарды көркем әшекейлеуді, гүл жасаудың техникасы мен технологиясын, шаблондарды, макеттерді жасау тәсілдерін.

81. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 13. Концертмейстер (әртістер-жеке орындаушылардың (вокалшылардың), хордың, балеттің)

82. Лауазымдық міндеттері:

әртістермен-жеке орындаушылармен (вокалшыларға), хор, балет әртістеріне жеке және топтық сабақтар жүргізеді;

олармен дирижердің немесе балетмейстердің жетекшілігімен партиялар дайындайды;

дайындық кезінде жаңа және бұған дейін жасалған қойылымдармен жұмыс барысында фортепианада музыкамен сүйемелдейді;

концерттер мен іс-шараларды жүргізу кезінде орындаушыларды сүйемелдейді;

жаңа музыкалық шығармаларды парақтан қарап орындайды және күрделі ноталық материалды түрлендіреді.

83. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

вокалдық педагогика, опера труппасында және оперетта театрында немесе музыкалық комедияда ансамбльдік және хормен әндер орындау әдістерін, вокал, балет бойынша концертмейстерлік жұмыстың қағидаттарын

84. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "аспаптық орындаушылық" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "аспаптық орындаушылық" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "аспаптық орындаушылық" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "аспаптық орындаушылық" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 14. Вокал (балет) бойынша үйретуші

85. Лауазымдық міндеттері:

әртістермен, олардың вокалдық біліктіліктерін арттыру бойынша жеке және топтық сабақтар, балет труппасымен күн сайын тренаж жүргізеді;

жаңа және бұған дейін жасалған қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) партияларымен, ағымдағы репертуардың қойылымдарында жаңа орындаушылармен жұмыс жасайды;

әртістердің кәсіби шеберлігін арттыруға қатысады.

86. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

вокал өнері мен вокалдық педагогиканының теориясы мен тәжірибесін, классикалық және заманауи хореографияны, педагогикалық тренаж және дайындық жұмыстарының әдістерін, актерлік шеберлік негіздерін және оларды хореография өнерінде қолдануды.

87. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 15. Сахналық қимылды үйретуші

88. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарды қою және бұрын жасалған қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, көрсетілімдерді) жаңғырту бойынша сахналық қимыл жұмыстарына қатысады;

әр орындаушыға жаңа сахналық қимылдар енгізеді;

орындаушылармен дайындықтар және сабақтар өткізеді, репертуардың және әртістердің би нөмірлерін орындау сапасын қадағалайды.

89. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық, би ұжымдарындағы, концерттік ұйымдағы шығармашылық үдерістердің әдіснамасын, классикалық және халық хореографиясын, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін және оларды хореография өнерінде қолдануды.

90. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты болмағанда: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша кәсіби және техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 16. Цирк нөмірлерін үйретуші

91. Лауазымдық міндеттері:

цирктің акробатикалық, гимнастикалық және балеттік топтармен күнделікті тренингтер өткізеді;

әртістердің біліктіліктерін арттыру бойынша жеке және топтық сабақтар өткізеді;

көрсетілімдегі трюктердің орындалу сапасын қадағалайды;

цирктің балет труппасына жаңа орындаушылар енгізеді;

балет репертуарын қалыптастыруға қатысады;

жас орындаушылармен және әртістермен жұмыс жасайды және олардың кәсіби шеберліктерін арттырады;

ағымдағы репертуардың орындалу сапасын қамтамасыз етеді.

92. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

цирк өнері мен оның негізгі жанрларының даму тарихын, цирк терминологиясын, режиссура және актерлік шеберлік негіздерін, отандық және шетелдік цирктің заманауи жетістіктерін, цирк ісін ұйымдастыру негіздерін.

93. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 17. Сүйемелдеуші-концертмейстер

94. Лауазымдық міндеттері:

әртістермен-жеке орындаушылармен (вокалшылармен, аспапта ойнаушылармен), балет, хор әртістерімен, жанрлардың әртістерімен жана бағдарламалар бойынша да, ағымдағы репертуар бойынша да жеке және топтық сабақтар өткізеді;

дайындықтар кезінде жана бағдарламалармен (нөмірлермен) жұмыс барысында фортепианода музыкамен сүйемелдеуді жүзеге асырады;

барлық жанрдағы әртістердің нөмірлерінде сүйемелдеуші болып, концерттер мен іс-шараларды өткізгенде жеке фортепианолық шығармаларды орындаушы ретінде өнер көрсетеді;

жаңа музыкалық шығармаларды парактан қарап орындайды және күрделі ноталық материалды түрлендіреді.

95. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

концертмейстерлік жұмыстың қағидаларын, заманауи музыканың негізгі даму бағыттарын, театрдағы музыкалық жұмыстың ерекшеліктерін, вокалдық педагогика, ансамбль мен хорда ән айту әдістерін.

96. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім

Параграф 18. Музыкатанушы-дәріскер

97. Лауазымдық міндеттері:

халық арасында музыка және өнер түрлерінің жетістіктерін, түрлі музыкалық мектептер мен бағыттардың үздік өкілдерінің шығармашылығын насихаттау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, дәріс-концерттердің тақырыбын жасайды;

өзіндік дәрістердің мәтіндерін және дәріс-концерттер бағдарламаларын жасайды;

дәріс-концерттерді әзірлеу мен шығару жөніндегі шығармашылық-өндірістік топтың жұмысына қатысады;

концерт бағдарламаларының тақырыбына қажетті әдеби материалдарды іріктеуді жүзеге асырады;

дәріс-концерттерде: дәрісті орындаушы, орындалатын шығармаларға түсінік беруші, концерттік бағдарламаның жүргізушісі ретінде өнер көрсетеді;

көрермен конференцияларын, дәріс-концерттерді ұйымдастырады, көрермен аудиториясының сұранысын зерделеуге қатысады;

бұқаралық ақпарат құралдарына ұжымдардың, жеке орындаушылардың шығармашылық қызметтері туралы материалдарды дайындайды;

көркемдік кеңесте жаңа шығармаларды, репертуар жоспарларын талқылауға қатысады.

98. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

концерттік ұйымдардағы шығармашылық үдерістің әдіснамасын, музыкалық драматургия және вокал өнерінің негіздерін.

99. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 19. Режиссердің көмекшісі

100. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарды әзірлеуді және бұрын жасалған қойылымдарды жаңғыртуды жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысады;

қойылымдардың (спектакльдердің, концерттердің, көрсетілімдердің) шығармашылық үдерісін ұйымдастырады;

қойылымдар кезінде әртістердің сахнаға шығуын қамтамасыз етеді;

жаңа және жаңғыртылатын қойылымдарды жүзеге асыруға дайындық кезінде қоюшы-режиссердің тапсырмаларын орындайды;

дайындықтарды қажетті әдеби материалдармен (пьесалардың, рөлдердің мәтіндері) қамтамасыз етеді;

дайындықтар мен қойылымдарды жарық, дыбыс әсерлермен қамтамасыз етеді;

қойылым құрамы жұмыскерлерінің жұмыс уақытын, сондай-ақ әртістік персоналдың нормаларды орындау есебін жүзеге асырады;

бас режиссердің шығармашылық қызметті жоспарлауға, ұйымдастыруға және есепке алуға байланысты тапсырмаларын орындайды.

101. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

режиссура және актерлік шеберліктің теориясы мен тәжірибесін, спектакльдерді (концерттік бағдарламаларды) сахналық және музыкалық безендіру негіздерін.

102. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 20. Режиссердің (дирижердің, балетмейстердің, хормейстердің) көмекшісі

103. Лауазымдық міндеттері:

жеке қойылымдарды (спектакльдерді, концерттерді, бағдарламаларды) шығару бойынша жұмыс кестесін жасауға қатысады;

жаңа және жаңғыртылатын қойылымдарды іске асырудың дайындық кезеңдерінде қоюшы-режиссердің, қоюшы-балетмейстердің, қойылымның дирижері – музыкалық жетекшісінің тапсырмаларын орындайды;

дайындық жоспарлары мен дайындық кестелерін, жаңа және жаңартылатын қойылымдарды әзірлеудің жоспар-кестелерін жасауға қатысады;

үстел басындағы сахналық дайындықтарды өткізу, материалдық безендірілген заттардың және декорациялардың жасалу, музыкалық сүйемелдеуді жазу немесе үйрену мерзімдерін белгілейді және оларды қоюшы-режиссердің, қоюшы-балетмейстердің, қойылымның дирижері – музыкалық жетекшісінің, хормейстердің қарауына ұсынады;

бекітілген кестенің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

қоюшы-режиссердің, қоюшы-балетмейстердің, қойылымның дирижері – музыкалық жетекшісінің тапсырмасы бойынша жаңа және жаңғыртылатын спектакльдерге қатысатын әртістермен, ағымдағы репертуардың қойылымдарына дублер ретінде енгізілген немесе бұрын дайындалған рөлдерді орындаушыларды алмастыратын әртістермен дайындықтар жүргізеді;

бас режиссердің, бас балетмейстердің, бас дирижердің шығармашылық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және есепке алуға байланысты тапсырмаларын орындайды;

бекітілген үлгілер бойынша қойылым құрамының дайындықтарға, арнайы сабақтарға және ағымдағы репертуардың спектакльдеріне келу есебін жүргізеді.

104. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

дайындық жұмыстарын жүргізу әдістерін, жаңа қойылымдарды сахнаға шығаруға байланысты шығармашылық құрамды ұйымдастыруды, суретшілермен,

композиторлармен және көркемдік-қойылымдық бөлімімен жұмыс істеу қағидаларын, театр репертуарын.

105. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 21. Театр (опера және балет, музыкалық комедия, музыкалық драма) әртісі-жеке орындаушысы (вокалшысы)

106. Лауазымдық міндеттері:

жаңа және жаңғыртылатын қойылымдардағы партияларды (рөлдерді) дайындайды; тұрақты орындардағы, гастрольдер мен сапарлардағы спектакльдерде, концерттерде, театрдың көріністерінде партияларды (рөлдерді) орындайды;

дайындықтарға шығармашылық әзірлікпен келеді;

вокалдық және актерлік шеберлігін шыңдай отырып, өз бетінше, сондай-ақ үйретушімен және концермейстермен бірге жаттығады;

жаңа шығармаларды, репертуарлық жоспарларды және шығармашылық қызметтің мәселелерін талқылауға қатысады.

107. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық сауаттылықты, негізгі музыкалық-теориялық пәндерді, актерлік шеберлік теориясын, сахна тілі және сахналық қимыл, хореография негіздерін, партия және рөлдердегі тренаж әдістерін.

108. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 22. Концерттік ұйымдардың (музыкалық ұжымның) әртісі-жеке орындаушысы (вокалшы, аспапта ойнаушы)

109. Лауазымдық міндеттері:

классикалық, халық музыкаларынан, шетелдік және отандық композиторлардың шығармаларынан бағдарламалар дайындайды;

тұрақты орындарда, гастрольдерде және сапарлардағы концерттерде музыкалық шығармаларды орындайды;

вокалдық және орындау шеберлігін жетілдіре отырып, өз бетінше және (немесе) концертмейстермен бірге жаттығады;

репертуарға ұсынылатын жаңа шығармаларды және шығармашылық қызметтің мәселелерін талқылауға қатысады.

110. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық сауаттылықты, негізгі музыкалық-теориялық пәндерді, вокалдық музыкадағы негізгі бағыттар мен стильдерді, әлемдік және отандық вокалдық музыка мәдениетінің даму тарихын.

111. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 23. Балет (опера және балет, музыкалық комедия театры) әртісі

112. Лауазымдық міндеттері:

жаңа қойылымдарға немесе ағымдағы репертуардың спектакльдеріне енгізу тәртібінде, қажет болған жағдайларда - жедел енгізу тәртібінде партияларды дайындайды және оларды тұрақты сахнада және (немесе) гастрольдерде орындайды;

үнемі өзінің шеберлігін жетілдіріп отырады, ұдайы классикалық би сабақтарына қатысады, үйретушімен және концертмейстермен бірге жаттығады;

сыртқы пішімін сақтайды және бірқалыпта ұстап отырады.

113. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық сауаттылық негіздерін, музыка, театр, балет тарихын, классикалық және замануи репертуарды, өз театрының ағымдағы репертуарын, актерлік шеберліктің теориясы мен тәжірибесін.

114. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II

санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 24. Балет ансамблінің (би ұжымының) әртісі

115. Лауазымдық міндеттері:

партиялар, жеке нөмірлер дайындайды;

ансамбльдік нөмірлер мен хореографиялық көріністерді орындауға қатысады;

партияларды, жеке нөмірлерді орындайды;

өзінің орындаушылық шеберлігін ұдайы жетілдіріп отырады;

сыртқы пішімін сақтайды және бірқалыпта ұстап отырады;
дайындықтарға шығармашылық әзірлікпен келеді.

116. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

хореография тарихы мен даму жолдарын, актерлік шеберліктің теориясын және оны хореография өнерінде қолдануды, музыкалық сауаттылық негізін.

117. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 25. Симфониялық (камералық) оркестр (ансамбль) әртісі

118. Лауазымдық міндеттері:

өз аспабының тобында оркестрлік партияларды, жеке партияларды үйреніп, орындайды;

нотаны парақтан шапшаң оқиды;

өзінің орындау шеберлігін жетілдірумен және жаңа репертуармен айналысады.

119. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

симфониялық музыканың даму тарихын, музыка, сольфеджио теориясының негіздерін, ұжымның негізгі және ағымдағы репертуарын.

120. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 26. Халық аспаптары оркестрінің (ансамблінің) әртісі

121. Лауазымдық міндеттері:

оркестрлік партияларды, сүйемелдеуші дауыстардың партияларын орындайды;

дирижердің (жетекшінің) шешімімен аспаптардың тиісті топтарында жетекші орынға ие болады;

оркестрлік жеке партияларды және дербес жеке шығармаларды орындайды. Өзінің орындаушылық шеберлігін жетілдірумен және жаңа репертуармен айналысады.

122. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

халық музыкасының даму тарихын, музыка мен сольфеджио теориясының негіздерін, ұжымның негізгі және ағымдағы репертуарын.

123. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 27. Эстрада оркестрінің (ансамблінің) әртісі

124. Лауазымдық міндеттері:

оркестрлік партияларды орындайды, оркестрдің сүйемелдеуімен негізгі аспапта жеке партиялар мен жеке пьесалардың жеке эпизодтарын орындайды;

негізгі аспаппен қатар қосымша аспапта (саксофон-кларнет, саксофон-флейта, труба-флюгельгорн, тромбон-ұсақ ұрмалы, контрабас-гитара) ойнайды;

кәсіби деңгейін, орындаушылықтың музыкалық мәдениетін көтерумен ұдайы айналысып отырады.

125. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

мәдениет пен өнер дамуының айқындаушы бағыттары мен перспективаларын, музыка өнерінің тарихы мен даму жолдарын, музыка мен сольфеджио теориясының негіздерін, ұжымның негізгі және ағымдағы репертуарын.

126. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 28. Үрмелі аспаптар оркестрінің әртісі

127. Лауазымдық міндеттері:

оркестрлік партияларды орындайды, өзінің аспаптар тобымен жеке партиялар мен жеке шығармаларды орындайды;

кәсіби деңгейін, орындаушылықтың музыкалық мәдениетін ұдайы көтеріп отырады.

128. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыка өнерінің тарихы мен даму жолдарын, музыка мен сольфеджио теориясының негіздерін.

129. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

дыбыстық жазбаға музыкалық материалдарды дайындайды және оның көркемдік сапасын қамтамасыз етеді.

188. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

композиция негіздерін, акустика және дыбыстық техника саласындағы жетістіктерді, концерттік ұйымдарда қолданылатын дыбыстық жазба және дыбыстық жаңғырту аппаратураларының жұмысын және құрылғыларын, театр және концерт залдарының акустикалық негіздерін.

189. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: "музыкатану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және кәсіби қызмет бағыты бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "аспаптық орындаушылық және эстрада музыкалық өнері" мамандығы бойынша кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 49. Халық музыкасын зерттеу саласындағы музыкатанушы

190. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның жарғылық міндеттеріне сәйкес халық музыкасын жинау және өңдеу бойынша жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады;

көркемдік және ауыз әдебиеті жанрлары бойынша халық музыкасы шығармаларын, салт-дәстүрлерді жинақтау мақсатында экспедициялар мен іссапарларды жүргізеді;

әуесқой өнер ұжымдарына халық репертуарын қалыптастыруға тәжірибелік көмек көрсетеді;

халық материалдарымен жұмыс теориясы мен тәжірибесінің түрлі мәселелері бойынша қажетті кеңестер, семинарлар, тағылымдамалар жүргізеді.

мамандандырылған мәдениет мекемелерінің халық музыканттарына мәліметтер қорын жинау және қалыптастыру бойынша тәжірибелік көмек көрсетеді; халық музыкасына қатысты материалдарды өңдеу мен жүйелеу жөнінде әдістемелік ұсыныстар береді;

ғылым өкілдерімен ынтымақтастықта болады;

шетел мамандарымен халық музыкасы саласында байланыс жасайды;

халықтық ұжымдар туралы мәліметтер қорын жасау жұмысына жетекшілік етеді;

халықтық мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысады.

191. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

мәдени-демалыс мекемелерінің құрылымдық ерекшеліктерін, тұрғындардың бұқаралық демалысын ұйымдастыру, өндірістік қуатты, өндірістік үдерістің технологиясын.

192. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "музыкатану" немесе "аспаптық орындаушылық" немесе "дәстүрлі музыка өнері" немесе "композиция" мамандығы бойынша жоғары (немесе

жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "музыкатану" немесе "аспаптық орындаушылық" немесе "дәстүрлі музыка өнері" немесе "композиция" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "музыкатану" немесе "аспаптық орындаушылық" немесе "дәстүрлі музыка өнері" немесе "композиция" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "музыкатану" немесе "аспаптық орындаушылық" немесе "дәстүрлі музыка өнері" немесе "композиция" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Параграф 50. Декорация жөніндегі оператор (жарық аппаратурасы бойынша)

193. Лауазымдық міндеттері:

жарық партитурасына сәйкес спектакль және дайындық кезінде сахнаға электр жарығын беретін аппаратураларды орнатуды және сахнаны жабдықтауды жүзеге асырады;

спектакльдерге арналған жарық әсерлерін құру аппараттарын дайындауды, жарық аппаратуралары мен құралдарын құрастыруды, көшпелі спектакльдер мен гастрольдер кезінде сахналық жарық аппаратурасын қаптауды және тасымалдауды жүзеге асырады.

194. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

жарықтандырғыш құралдарының құрылғысы мен істеу қағидасын, оларды желіге қосу тәсілдерін, рұқсат етілетін қуатын, сымдарды тұтыну қимасын, тұрақты және ауыспалы тоқ қасиеттерін, электр сымдарын монтаждау және жарықтандырғыш аппаратуралар мен құралдарды жөндеу жұмысын, сахналық жарықтандыруды, қолданылатын материалдардың түрлерін.

195. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім және мамандығы бойынша 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 51. Дыбыс жазу операторы (дыбыс операторы)

196. Лауазымдық міндеттері:
дыбыстың техникалық сапасын қамтамасыз етеді;
режиссерлік сценарий жасауға қатысады;
спектакльдердің дыбыстық шешімін жасайды;
спектакльдерді дыбыстық және шулармен көркемдеуді жүзеге асырады;
көрсетілімдерге, актерлік тапсыруларға, үстел басындағы дайындықтарға қатысады;
сахна алаңының акустикалық ерекшеліктеріне байланысты әртістерді орналастыруға қатысады;
дайындықтар мен дыбыс жазу үшін қажетті дыбыс техникалық құралдарды анықтайды;
микрофондарды орналастыруға жетекшілік етеді, ерекше дыбыстық әсерлердің сынамалық жазбаларын жүргізеді;
спектакльдерде пайдалану үшін, арнайы дыбыс әсерлерін жасау үшін арнайы дыбыстық жазбаларды жасайды;
дыбыстық жазбаларды монтаждау үдерісіне жетекшілік етеді, шу түрлерін толықтырады.

197. Білуі тиіс:
Конституцияны;
Еңбек кодексін;
Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;
акустика мен дыбыс техникасы саласындағы жетістіктерді, орындаушылық өнер ұйымдарында қолданылатын дыбыс жазатын және дыбыс шығарушы аппаратуралардың жұмысын және құрылғыларын, театр және коцерт заңдарының акустикалық ерекшеліктерін.

198. Біліктілікке қойылатын талаптар:
жұмыс өтіліне талап қойылмай, "театрлық-декоративтік өнер" немесе "телекоммуникациялық жабдықтар мен тұрмыстық техникаға қызмет көрсету және жөндеу" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім және театрлық ойын-сауық ұйымындағы 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 52. Суфлер

199. Лауазымдық міндеттері:
дайындық, спектакль барысында, пьеса мәтіні бойынша қадағалау жүргізеді және әртістерге қажет болғанда рөл мәтінін айтуға көмек көрсетеді;
театрда пьесалар мен рөл мәтіндерінің салыстырып тексерілген даналарының болуын қамтамасыз етеді;

орындалып жатқан шығарманың клавирін оқиды.

200. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

әртістердің жұмыс ерекшелігін, спектакльдердің, мизансценалардың режиссерлік шешімі және құрылымын, ырғағын, мәтінді оқу қарқынын, үзілісті, музыкалық және шу сәттерін.

201. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "актерлік өнер" немесе "режиссура" немесе "сценография" немесе "өнертану" немесе "журналистика" немесе "мәдениеттану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 53. Конферансье әртісі

202. Лауазымдық міндеттері:

концерттер өткізуге қатысады, концерттік нөмірлерді хабарлайды, нөмірлер арасында сахнаға шығады;

концерт өткізу кезінде залмен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады.

203. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын.

204. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша жоғары (және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 54. Зоотехник

205. Лауазымдық міндеттері:

жануарлардың күтімі мен азықтандырылуын, оларға арналған үй-жайларда температура және ылғалдылық режимін, жануарларды күтімге алғанда және ұстап тұрғанда қолданылатын барлық құралдар мен аспаптардың жарамдылығын қамтамасыз етеді:

азықтандыру есептерін және жемазық тізімдемелерін құрастырады;

жануарлардың орнын ауыстыруларды, тасымалдауды және қайта орналастыруды жүзеге асырады;

дәрігерлік-профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін жануарларды ұстап тұруды немесе аулауды қамтамасыз етеді;

жануарлар бар орын-жайларды қайта кодтауды жүзеге асырады;

жануарларды емдегенде ветеринар-дәрігерлерге көмек көрсетеді.

206. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" (бұдан әрі - "Ветеринария туралы") заңдарын;

зоотехникалық және ветеринарлық қызмет негіздерін, жануарлар мен құстар биологиясын.

207. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша саласындағы жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша

біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 55. Ветеринар дәрігер

208. Лауазымдық міндеттері:

цирк жануарларының өлім-жітімі мен аруларының алдын алу үшін ветеринарлық-профилактикалық, ветеринарлық-санитарлық және клиникалық-зертханалық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді;

бекітіліп берілген секцияларда жануарларды күн сайынғы қадағалауды жүзеге асырады;

өндірістік орынжайлар мен аумақтың ветеринарлық-санитарлық жағдайын қадағалайды;

циркке жаңадан әкелінген жануарларға карантиндік іс-шаралар жүргізеді, ауру жануарларды анықтайды, оларды оқшаулайды, ауруға шалдыққан жануарларға диагностикалық зерттеулер және емдеу, сақтандыру екпелерін, емдеу-профилактикалық өңдеулерді жүргізеді;

азықтардың сапасын және ветеринарлық дәріхананың қызметін қамтамасыз етеді;

зообақ жануарларын жарамсыздыққа шығаруға қатысады және сойыс малдарының етін пайдалану бойынша қорытындылар жасайды;

зообақтың ғылыми жұмыс жоспары бойынша зерттеулер жүргізеді, жабайы жануарларды емдеу мәселелері бойынша зообаққа келушілерге және ұйымдарға кеңестер береді;

бақылаудағы жанаурлардың есебін жүргізеді.

209. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы"; "Ветеринария туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

санитарлық ережелер мен нұсқаулықтарды, зообақтағы жануарлар мен құстар биологиясын, оларға тән ауруларды, оларды алдын алу және емдеуді,

ветеринарлық-санитарлық сараптаманы, ветеринария және ветеринарлық санитариялық сараптама саласында озық жетістіктерді.

210. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 56. Зертханашы

211. Лауазымдық міндеттері:

биологиялық зерттеулер үшін дайындық жұмыстарын жүргізеді;

зертханалық талдамалар және зерттеудің басқа да түрлерін атқарады;

зерттеулер мен сараптамалардың бастапқы материалдарын жинауға және өңдеуге қатысады;

препараттарды, аспаптарды, реактивтерді және арнайы киімдерді дайындайды;
зертхана жабдықтарының жарамды болуын қадағалайды, оларды баптау мен реттеуді жүзеге асырады, тиісті сақталуын қамтамасыз етеді;

зерттеулер мен тәжірибелердің орындалуына қатысады, оларды жүргізген кезде даярлық жұмыстарын, сондай-ақ жануарларды қадағалауды жүзеге асырады;

ветеринар дәрігер жүргізетін жұмыстарға құжаттамалар жасауға және ресімдеуге қатысады.

212. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; "Ветеринария туралы" , " Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

зоотехникалық және ветеринарлық қызмет негіздерін, талдаулар, сынақтар және зерттеудің басқа да түрлерін жүргізу әдістемелерін, зоотехникалық және ветеринарлық қызмет бойынша басқарушы және анықтамалық материалдарды, зертхана жабдығы мен оны пайдалануды.

213. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі

;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында ретінде 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

3-тарау. Басқа қызметшілердің (техникалық орындаушылар) лауазымдары

Параграф 1. Киім қоймасының меңгерушісі

214. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер) қою кезінде костюмдер мен оларға арналған аксессуарларға таңдау жасайды;

күнделікті және қор гардеробындағы костюмдердің сақталуын, уақтылы тазалануын және залалсыздандырылуын, жөндеу жұмыстары мен толықтырылуын, көшпелі спектакльдер мен гастрольдер кезінде сахна киімдерінің дайындығы мен буып-түйілуін қамтамасыз етеді.

215. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

әрбір қойылымның (спектакльдің, концерттік бағдарламаның, көрсетілімдердің) костюмдерін, костюм тарихын.

216. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-бөлім. Кинематография ұйымдарының және кинотеатрлардың басшылары, мамандары және басқа да қызметшілерінің біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Басшылар лауазымдары

Параграф 1. Кинематография ұйымының және кинотеатрдың директоры

217. Лауазымдық міндеттері:

кинематография ұйымдары мен кинотеатрлардың (бұдан әрі- кинематография ұйымы) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметін басқарады;

ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуын, оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз етеді, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады;

кинематография ұйымы қызметінің саясатын, стратегиясын және оларды іске асыру тетіктерін анықтайды;

заңды тұлғалармен шарттар, мәмілелер, операциялар жасасады, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

ұйымның басқару құрылымын анықтайды;

өндірістік үдерістің үздіксіздігін, кинокартинамен жұмыстың барлық кезеңдерінде жоспарлы мерзімдердің орындалуын, бас смета баптарының қадағалануын, фильмдердің жалға берілуі (прокат) мен көпшілікке көрсетілуін қамтамасыз етеді;

ғылыми-техникалық ілгерілеуді енгізуді жүзеге асырады;

кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби деңгейлерін арттыруға жағдайлар жасайды;

халықаралық экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар орнату бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

218. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" , "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" , "Мемлекеттік мүлік туралы" , "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

219. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "экономика" немесе "құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдарда және ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Кинематография ұйымы және кинотеатр директорының орынбасары

220. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімшелердің қызметіне, түсіру топтарының жұмысына басшылық жасайды;

өндірістік және қаржылық жоспарларды жасауды ұйымдастырады, олардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа жеке жауапкершілікте болады;

жоспарланған кинокартиналардың өндіріске жіберілуін және өндірістік үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

көшірмелеуге бастапқы материалдарды дайындау мен тапсыру үдерісін қамтамасыз етеді;

тұрақты және өңірлеріндегі сапарларда тұрғындарға ұдайы фильмдер көрсетілімімен қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

көрермендердің ұлттық, кәсіби, жас мөлшері ерекшеліктерін ескере отырып, фильмдер көрсетудің репертуарлық жоспарлануын жүзеге асырады;

ойын-сауық іс-шараларды, мерекелерді, фестивальдарды, байқауларды, концерттерді, конференцияларды, тұсаукесерлерді, көрмелерді, кино және өнер қайраткерлерімен кездесулерді, премьералық көрсетілімдерді, тақырыптық көрсетілімдерді, ұлттық және балалар киносы апталықтарын, мәдени іс-шараларды өткізуді; мәдени ойын-сауық қызметтерін (сценарийлер жасау, клиптер, бейнероликтер, фильмдер, телехабарлар, телебағдарламалар дайындау) көрсету жөнінде ұйымдармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстардың орындалуын, кинотеатрға барған кезде кешенді мәдени-демалыс және сервистік қызмет көрсетуді, мектептерде, бала бақшаларға, студент жастарға, ұйымдарға, мекемелерге, жеке тұлғаларға іс-шаралар өткізуді; бұқаралық ақпарат құралдарында кинобейнефильмдердің жарнамаларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

білім беру мекемелерімен, жастар бірлестігімен, балалар ұжымдарымен, ардагерлерлік ұйымдармен, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар санаттарымен, ұлттық-мәдени орталықтармен ұлттық мәдениеттерді дамыту және өзара байыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

құрылымдық бөлімшелерге кадрларды іріктеуді қамтамасыз етеді және оларды ұйым басшысына ұсынады;

өндірісті ұйымдастыруда жоспарлаудың ең жаңа әдістері мен жүйелерін өндіріске енгізеді.

221. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Жарнама туралы" заңдарын.

222. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "экономика" немесе "құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдарда және ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Бас режиссер

223. Лауазымдық міндеттері:

фильмді жасауда шығармашылық-өндірістік үдерістің ұйымдастырылуын жүзеге асырады;

режиссерлік жұмыс кезеңінде смета лимитін, күнтізбелік қойылым жоспары мен бас смета жасау жұмыстарын жасауға қатысады;

қойылымдық жобамен жұмыстардың уақтылы өткізілуін ұйымдастырады, оны жасауға және қорғауға қатысады;

кинематографиялық материалды іріктеуді ұйымдастырады;

табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады;

актерлерді, эпизодтық, топтық және көпшілік көріністердің қатысушыларын іріктеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

актерлердің фото- және киносынамаларын ұйымдастырады;

фильмдерді жасауға бас сметада бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз етеді;

түсірілімді белгілейді және дайындайды, шығармашылық үдерістің мүлтіксіздігін және үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

түсірілген материалды көруді және талқылауды ұйымдастырады;

кинорежиссердің ассистенттері мен көмекшілерінің жұмыстарына жетекшілік жасайды;

шығармашылық ұжыммен бірлесіп, фильмді көшіру, қысқарту және көшірмені қайта монтаждау жөніндегі барлық жұмыс кешенін жүзеге асырады;

дубляждың көркемдік сапасын, дубляжалған фильм кейіпкерлерінің режиссерлік түсініктемесінің дұрыстығын қамтамасыз етеді;

фильмді дыбыстауға және музыка жазуға қатысады;

жарнама роликтерін дайындауды ұйымдастырады, қойылымдық жобаға кіретін жарнамалық материалдарды фильм өндірісі аяқталысымен киностудияның ақпараттық бөліміне өткізеді;

фильмді жасау бойынша жұмыс істейтін қызметкермен келісім-шарттық қарым-қатынастардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

224. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы" заңдарын;

көркем кино-және телефильм режиссурасы теориясын, орыс, шетел әдебиетін, кино драматургиясы, кинооператорлық шеберлік негіздерін, фильмдерді монтаждау технологиясын, кино актерінің шығармашылық қызметін, фильм өндірісінің технологиясын, ұйымдастырылуын және экономикасын.

225. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Бас дыбыс режиссері

226. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің дыбыстық шешімін жасау және жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарға жетекшілік етеді;

кинокартинадағы дыбыстың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз етеді;

қоюшы режиссермен және композитормен бірлесіп фильмнің дыбыстық құрылымының жоспарын жасайды;

фильмнің дыбыстық шешімінің бөлігіндегі қойылымдық жобаны, күнтізбелік-қойылымдық фильмді және бас сметаны жасауға қатысады;

актерлердің дауыстық дикциялық қабілеттерін анықтайды, актерлік сынамалардың сапалы жазылуы үшін тиімді режимді анықтайды, фильмге арналған дайын музыканың музыкалық экспликациясын бекітуге қатысады;

түрлі акустикалық эсер ету шарттарын, дыбыс аппаратурасының орналасу мүмкіндіктерін айқындай отырып, ішкі көріністер мен табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады;

түсірілімді бастауға барлық дыбыс жолының дайындығын қабылдайды;

дыбыс бригадасының жұмысын бақылайды;

қажетті дыбыстық бейнелер мен фактураларды жасау үшін дыбыстық компоненттер фонограммасын жасайды және өңдейді, дыбыстық таспаларды монтаждауға жетекшілік етеді;

картинаға кететін фонотекалық материалдарды іріктейді;

күнтізбелік-қойылымдық жоспарда және бас сметада көрсетілген нормалар мен мерзімдердің сақталуын, фильмді дыбыстауға қатысты сапалы бастапқы материалдардың уақтылы өткізілуін қамтамасыз етеді.

227. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

дыбыс операторлық шеберлікті: дыбыс, монтаж бейнелерінің өзара көркемдік байланыс қағидаларын, дыбыс жазудың трюктік және арнайы түрлерінің әдістерін, дыбыстың стереофоникалық берілу тәсілдерін, дыбыс жазу аппаратурасын, музыкалық аспаптардың, сөз бен вокалдың дыбыстық құрылымдарын, фильм өндірісі технологиясының негіздерін, отандық және шетелдік кино өнерінің және кинотехниканың тың жетістіктерін.

228. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және дыбыс режиссері ретінде 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 5. Бас кинооператор

229. Лауазымдық міндеттері:

кинооператорлық өнер құралдарымен фильм жасаушылардың бірлескен пайымдарын іске асырады, фильмнің көркемдік деңгейін және оның бейнелі түсіндірмесін, кинооператорлық техниканың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

операторлық топқа жетекшілік етеді, оның жұмысын ұйымдастырады;

киносценарий (әдеби сценарийді шығармашылық-өндірістік өңдеу), сондай-ақ, режиссерлік сценарий жұмыстарына қатысады;

картинаның жарықтық және түстік тәртібін бекітеді, түсірілімге қажетті оптика аппаратурасының, материалдардың, жарық-техникалық құрылғылардың тізімін жасайды, түсіру тобының операторлық құрамын қалыптастыруға қатысады;

актерлердің киносынамаларын түсіруді жүргізеді;

фильмнің қойылымдық жобасын жасауға, гримдерді бекітуге, дубльдерді таңдауға және түсірілген материалдарды талқылауға, дайын картинаны киностудияның техникалық комиссиясына өткізуге қатысады;

сапалы бастапқы материалдарды өткізуді қамтамасыз етеді;

кино бейнелеу өнері саласындағы эксперименттік жұмыстарды өткізуге байланысты жұмыстарды жүзеге асырады.

230. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

кинодраматургия, кинооператорлық шеберлік негіздерін, көркемдік киножарықтандыру және кинокомпозиция әдістерін, кино түсірудің құрама және

арнайы түрлерінің әдістерін, жарық көруді, экспонометрияны, киноматериалдардың сипаттамалары мен өңдеу технологиясын, кино түсіру аппаратурасын, жарық техникасын, операторлық көлік құралдарын, көмекші техниканы, фильм өндірісінің технологиясы, ұйымдастырылуы мен экономикасы негіздерін, кино түсіру аппаратурасы мен кино жабдықтарын пайдалануды.

231. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 6. Бас суретші

232. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің бейнелеу-декорациялық шешімі мен безендірілуінің шығармашылық ойын жобалайды және жүзеге асырады;

фильмнің көркемдік сапасы мен оның үндестік және түстік құрылымын, заман мен тұрмыстың бейнелі ашылуын, фильмнің стильдік шешімінің біртұтастығын қамтамасыз етеді;

режиссерлік сценарийді жасауға қатысады;

түсіру нысандары мен сахналардың кеңістіктік композициясын және ауқымын, олардың құрылымын, үндестігін, түсін, жарық композициясының сипатын анықтайды;

фильмнің қойылымдық жобасының жасалуына қатысады; фильмнің бейнелік экспликациясының нобайларын жасайды.

233. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

декорациялар, костюмдер, грим, құрама түсірілім бойынша суретші шеберлігін, сурет өнері, сурет композиция шеберлігін, бейнелеу өнері, костюм, заман мен тұрмыс, сәулет өнері мен стиль тарихын, кинодраматургия, кинорежиссура негіздерін, кинодекорациялық құрылғылар өндірісінің техникасы мен технологиясын, костюмдерді жасау макеттерін, технология, фильм өндірісінің технологиясы, ұйымдастырылуы мен экономикасы негіздерін.

234. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 7. Құрылымдық бөлім жетекшісі (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың, труппаның)

235. Лауазымдық міндеттері:

Құрылымдық бөлімнің, филиалдың қызметіне жетекшілік етеді және кино- бейне өндірісінің үздіксіз циклі мен кино және бейнефильмдер көрсетілімінің реттілігін қамтамасыз ететін жұмысты ұйымдастырады;

жұмысты басқара отырып, келешекке арналған және ағымдағы жұмыс жоспарын жасауға тікелей қатысады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

құрылымдық бөлімдерге кадрларды іріктеуге қатысады;

студия бөлімдерімен және цехтарымен, тараптық ұйымдармен және тұлғалармен есептесуге негіз болып табылатын актілерді бекітеді және құжаттарға қол қояды;

жұмыскерлердің өндірістік және еңбек тәртібін орындауын, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

236. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

кино өнерінің даму келешегін, кинематография экономикасын, кинематография саласы өндірісі мен басқаруды ұйымдастыруды, фильм өндірісінің технологиясын, кинорежиссура негіздерін.

237. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 8. Цех (учаске) меңгерушісі

238. Лауазымдық міндеттері:

цех (учаске) жұмысын жоспарлайды және басқарады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

үздіксіз кинотехнологиялық циклды қамтамасыз ететін жұмыстың орындалуын ұйымдастырады;

цех (учаске) қызметіне қатсты ішкі тәртіп актілерінің орындалуын және цех (сектор) атқаратын жұмыстардың уақтылы құжаттық рәсімделуін қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің құрал-жабдықтарды пайдалану және электр-өрт қауіпсіздігі техникасы жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтардың орындалуын қамтамасыз етеді;

цехтың (учаскенің) қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарға тапсырыстар жасайды.

239. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

кинематография саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру негіздерін, техникалық шарттарды.

240. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша немесе "әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету" немесе "логистика" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 9. Кинотеатрдың бас әкімшісі

241. Лауазымдық міндеттері:

кинотеатрдың негізгі, балалар, деректі репертуарларын жоспарлау мәселелері бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

фильмдерді толықтыруды, беруді, сақтауды және жеткізуді, оларды қолданыстағы қордан шығаруды және алып тастауды қамтамасыз етеді;

фильмдердің фестивальдық және байқаулық көрсетілімдерінің бағдарламаларын жасауды қамтамасыз етеді, оларды өткізуге қатысады.

кинотеатрлардағы іс-шараларды өткізуде ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетеді;

бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарнамалау үшін фильмдерді насихаттау жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

кәсіпорын жарнамасының уақтылы таратылуы мен жапсырылуын ұйымдастырады, жарықтық жарнаманың, фотожарнаманың және көрермендерді құлақтандыратын құралдардың мазмұнын тиісті тәртіппен бақылайды және олардың техникалық ақауларын жою шараларын қабылдайды;

мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен шығармашылық байланыстар орнатады;

фильмдерді жалға беру жөніндегі келісім-шарттардың жасалуын қамтамасыз етеді және олардың орындалуын, мемлекеттік жалға алу куәліктерінің болуын қамтамасыз етеді;

кинотеатрға келушілерге тиімді және мәдени қызмет көрсету, оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

кассалардың билеттер сатылымы бойынша жұмысын ұйымдастырады;

ғимарат ішіндегі және оның төңірегіндегі аумақта тазалықты қамтамасыз етеді;

қарамағындағы қызметкерлердің еңбек және өндірістік тәртіпті, еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

келушілерге қызмет көрсетуде болатын кемшіліктер, оларды жоюға қатысты қабылданған шаралар жөнінде басшылыққа мәлімдейді.

242. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Жарнама туралы" заңдарын;

кино өнерінің даму келешегін, ұйымның техникалық жабдықталуын, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін.

243. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандар лауазымдары

Параграф 1. Кино актері

244. Лауазымдық міндеттері:

павильондық және табиғи түсірілім жағдайларында түсірілген фильмдердегі рөлдерді дайындайды және ойнайды;

түсіру тобының, кино ұйымының шығармашылық және өндірістік қызметінің мәселелерін талқылауға қатысады.

245. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, кино актері шеберлігінің теориясы мен тәжірибесін, кинематография тарихын, классикалық және заманауи драматургияны, музыкалық сауаттылық және хореография негіздерін, сахнада сөйлеу және сахналық қимыл-қозғалыс техникасын, тренаж және рөлмен өз бетінше жұмыс жасау әдістерін.

246. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "актерлік өнер" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 2. Кинорежиссер

247. Лауазымдық міндеттері:

фильм жасаудағы шығармашылық-өндірістік үдерістің ұйымдастырылуын жүзеге асырады;

түсіру тобы қоюшы-кинорежиссерінің шығармашылық мақсатының орындауын қамтамасыз етеді;

бас сметаны жасау жұмыстарына, табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады; актерлерді, эпизодтық, топтық және көпшілік көріністердің қатысушыларын іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

актерлердің фото және киносынамаларын ұйымдастырады;

бас сметадағы бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз етеді;

түсірілім үдерісінің тиянақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, әрбір түсірілімдік ауысымның мұқият және жан-жақты дайындығын жүзеге асырады;

түсірілген материалды көруді және талқылауды ұйымдастырады;

шығармашылық ұжыммен бірге фильмді дубляждау, көшірмелерді қысқарту және қайта монтаждау бойынша кешенді жұмыстарды жүзеге асырады;

фильмді дыбыстауға және музыка жазуға қатысады;

түсіру тобы қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді.

248. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" , "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

көркем кино және телефильм режиссурасы теориясын, кинодраматургия, кинооператорлық шеберлік, кинофильм монтаждау технологиясының негіздерін, кино актерінің шеберлігін, фильм өндірісінің технологиясы мен ұйымдастырылуын.

249. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "операторлық өнер" немесе "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "операторлық өнер" немесе "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "операторлық өнер" немесе "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "операторлық өнер" немесе "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Параграф 3. Монтаж режиссері

250. Лауазымдық міндеттері:

кинофильм монтажының шығармашылық үдерісін ұйымдастырады және тікелей жүзеге асырады;

монтаждың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз етеді;

түсіріліммен қатар және түсірілім аяқталған соң монтаждау-көркемдеу кезеңінде жұмыс таспасы бойынша фильмнің монтажын жүргізеді;

бас кинооператормен бірге фильмотекалық материалды, бас дыбыс операторымен бірге фильмге арналған фонотекалық материалды таңдайды;

жазылған фонограммалар бейнелерінің түсірілген көрініс позитивтерін жүйелеу және сақтау бойынша жетекшілікті жүзеге асырады;

дубльдерді іріктеуге қатысады;

монтаж барысында материалдың әрбір бөлігінің және әрбір қиындысының жедел дайын болуын қамтамасыз етеді;

монтаждау цехына түскен барлық материалды салыстырады және жеке дубльдердің ақауларын айқындайды;

картинаның көркемдік-техникалық сапасын арттыру үшін шаралар қолданады;

түсірілім кезеңінің аяқталуымен қатар, бүкіл фильмнің бастапқы нұсқасын монтаждау нобайының аяқталуын қамтамасыз етеді;

көркемдік жетекшіге (қоюшы-кинорежиссерге) және түсіру тобының директорына (атқарушы продюсерге) метраждағы жөнделген эпизодтардың режиссерлік сценарийде бекітілген метраждан айтарлықтай ауытқуының барлық жағдайлары жөнінде мәлімдейді;

жұмыс позитивін монтаждау барысында негативті әзірледі, олардың монтаждау дайындығын қадағалайды.

композитормен бірге музыкалық сүйемелдеумен жүргізілетін монтаждалған эпизодтардың метражын келіседі және музыкалық екпіндерді үйлестіру үшін нақты мәлімет береді;

дыбыс операторын тарта отырып, барлық дыбыс таспаларын (музыка, қақпа сөз, шу) монтаждауды жүзеге асырады;

картинаның екі таспаға аударылуына дейін фильмнің соңғы монтажын, монтаждың барлық элементтерінің тазалығын тексереді, бөліктер метражын нақтылайды, картинаны қайта жазуға дайындайды;

зертханалық-трюктік өңдеулерді қажет ететін барлық кадрларды (тасқындар, перделер, ығыстырулар) тапсырады және экраннан олардың орындалу тазалығы мен мұқияттылығын тексереді.

251. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кинодраматургия және кинорежиссура негіздерін, отандық және шетелдік кинематография тарихын, кинофильмдерді монтаждау технологиясын және ұйымдастыруды, музыкалық мәдениет негіздерін, кинотүсірілім технологиясын, дыбыс жазу технологиясын және вариоскопиялық және полиэкрандық түрлерін қоса алғанда, кинематограф жүйелерінің фильмдер бойынша киноматериалдарды өңдеуді, түсіру тобының жұмысын ұйымдастыруды, монтаждау бригадасының жұмысын ұйымдастыруды, монтаждау-көркемдеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қажетті техникалық нормалар мен нұсқауларды, монтаждау жабдықтарының негізгі түрлерін.

252. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Кинооператор

253. Лауазымдық міндеттері:

бейненің техникалық сапасын (фокусты, экспозицияны, панораманы) қамтамасыз етеді;

фильмнің бейнелік шешімін қамтамасыз ететін түсіру әдістері мен тәсілдерін анықтайды;

түсіру карталарын дайындауға қатысады;

түсірілімге қажетті аппаратураның, материалдардың, техникалық құрылғылардың тізімін, аппаратураға, материалдарға және жарыққа тапсырыстар жасайды;

аппаратураны, таспаларды, фильтрлер мен операторлық құрылғыларды техникалық сынақтан өткізеді, арнайы түсіру әсерлерге техникалық өңдеу жүргізеді;

фото- және киносынамалар өткізеді;

операторлық топтың, жарық беру бригадасының, түсіру аппаратурасы техниктерінің жұмысына жетекшілік етеді.

254. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, кинооператорлық шеберлікті, көркемдік киножарықтандыру мен кино түсірудің құрама және арнайы түрлерінің кинокомпозициялық әдістерін, жарықтану, экспонометрияны, киноматериалдардың сипаттамасы мен технологиясын, кино түсіру аппаратурасын, кинотүсіру аппаратурасын және киножабдықтарын пайдалануды, түсіру аппаратурасын тасымалдау және сақтау жұмыстарын.

255. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 5. Дыбыс режиссері

256. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің синхронды шулармен безендірілуі бойынша жұмысты жүзеге асырады; өздігінен шу фактураларын таңдайды және синтездейді, оларды аспаптар мен арнайы құрылғыларда орындайды;

қатар жұмыстар кезінде өздігінен үйлесімді шулардың жазылуын жүргізеді;

үйлесімді шу материалдарын қайта жазуға дайындаудың жоғары көркемдік және техникалық сапасы мен мерзімін қамтамасыз етеді.

257. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

дыбыс операторлық шеберлік негіздерін, фильмді дыбыстаудың технологиялық үдерістерін, көрініс, дыбыс және монтаждың өзара көркемдік байланыстарының

қағидаларын, технологиялық жабдықтар және оны пайдалану ережелерін, отандық және шетелдік кино өнерінің және кинотехниканың тың жетістіктерін.

258. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "режиссура" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша сындағы техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 6. Қоюшы-суретші

259. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің бейнелеу-декорациялық шешімі мен безендірілуінің жалпы шығармашылық мақсатын, режиссерлік сценарийді жасауға және іске асыруға қатысады;

түсіру нысандары мен сахналардың кеңістіктік композициясы мен ауқымын анықтайды;

сахна көріністерінің, түсіру нысандарының сызбаларын жасауды жүзеге асырады, оларды құру технологиясын, ойын кеңістігін құрайтын реквизиттердің және элементтердің құрылуы мен өңделуін анықтайды.

260. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

1) жоғары санаттағы: "дизайн" немесе "сурет өнері, мүсіндеу және графика" мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "дизайн" немесе "сурет өнері, мүсіндеу және графика" мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "дизайн" немесе "сурет өнері, мүсіндеу және графика" мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "дизайн" немесе "сурет өнері, мүсіндеу және графика" мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 6. Экскурсия жетекшісі

319. Лауазымдық міндеттері:

экспозициялар, көрмелер, ашық сақтау қорлары мен музей нысандарына экскурсиялар жүргізеді;

ішкі тәртіп актілері мен әдіскердің ұсыныстарына сәйкес экскурсияларға қосымшалар мен өзгерістер енгізеді;

экскурсиялар өткізу әдістемесін жетілдіру жұмыстарын жасайды;

мәдени-ағартушылық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне, әдістемелік ұсынымдарды даярлауға және экскурсия бойынша ұсынымдар тыңдауға қатысады.

320. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

өз мамандығының ерекшелігін ескере отырып, мәдениет тарихын, этнография мен археологияны, музей ісіне байланысты жетекші материалдарды, ғылыми-ағартушылық

жұмыс мәселелері бойынша жаңа зерттеулер мен әдістемелік әдебиеттерді, экскурсия мен дәрістердің тақырыбын, отандық және шетелдік музейлер экскурсияларының, дәрістік жұмыстарының озық тәжірибесін.

321. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары II санаттағы маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "туризм" немесе "аударма ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "туризм" немесе "аударма ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "туризм" немесе "аударма ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "туризм" немесе "аударма ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 7. Әдіскер

322. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның ғылыми қызметін ұйымдастыру және бағыттарының негізгі пәні негізінде музейлік-білім беру қызметінің әдістемесін жасайды;

жас ерекшеліктері әр түрлі балалар мен жастар топтарына бағдарланған, балалар мен жасөспірімдердің бойында әлемді эстетикалық қабылдау, тарихи ойлау, әсерлі қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар жүргізуді жүзеге асырады;

музейлік-білім беру бағдарламаларын жасайды және жүзеге асырады;

музей қызметінің музейлік білім беру бөлімі бойынша келушілер арасында әлеуметтік сауалнамалар ұйымдастырады;

балалар мен жасөспірімдер аудиториясына музейлік білім беру қызметінің мониторингін жүзеге асырады;

музейлік білім беру ісінің әдістемелік құжаттарын басуға дайындауды жүзеге асырады;

ғылыми-әдістемелік жұмыс жағдайын талдайды және оның тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды жасайды.

323. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Тарихи-мәдени мұранысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

музей заттары мен музей коллекцияларын есепке алу, сақтау, зерттеу, жариялау, сақталымын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды, педагогика негіздерін, әлеуметтану негіздерін, балалар және әлеуметтік психологиясы, риторика, дидактика, заманауи коммуникативтік технологиялар негіздерін, экспозициялық-көрмелік жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесін.

324. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан

кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санаттағы маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 8. Редактор

325. Лауазымдық міндеттері:

экспозициялар мен көрмелерді редакциялайды, аударады, басады, мәтіндерді және этикетажды көбейтеді;

буклеттерді, каталогтарды, плакаттарды, афишаларды, конференция материалдарын, ғылыми мақалалар жинағын және басылымдарды баспаға дайындайды және шығарылымын қамтамасыз етеді;

бұқаралық ақпарат құралдарымен, газет, журнал редакцияларымен, телевидение және радио, ақпараттық агенттіктермен, баспалармен ұйымның қызметін, музейлік және музейден тыс экспозициялар мен көрмелерді насихаттау бойынша байланысты жүзеге асырады;

ғылым, музей ісі салаларындағы аудармаларында қолданылатын түсініктер мен анықтамаларды, сондай-ақ орындалған аудармаларды есепке алу және жүйелеу бойынша жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

аудармалардың түпнұсқаның лексикалық, стилистикалық және мәндік мазмұнына дәл сай келуін, қолданылатын ғылыми және техникалық терминдер мен анықтамаларға қатысты бекітілген талаптарды сақтай отырып, қамтамасыз ете отырып, белгіленген мерзімде аудармаларды орындайды.

326. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Тарихи-мәдени мұранысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

орындалатын жұмыс мәселелері бойынша әдістемелік материалдарды, ұйым қызметінің бағытын, ғылыми аударманы, аудармаларды үйлестірудің қолданыстағы жүйесін, қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалар тақырыбы бойынша терминологияны , ғылыми және әдеби редакциялаудың негіздерін, қазақ және орыс тілдерінің стилистикасын.

327. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2) I санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3) II санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "экология" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, арнайы кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

3-тарау. Басқа қызметшілердің (техникалық орындаушылар) лауазымдары

Параграф 1. Музей қараушысы

328. Лауазымдық міндеттері:

жәдігерлердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өз қызметтерін жүзеге асырады; күнделікті экспозицияларды таңғы және кешкі тексеруді жүзеге асырады,

келушілер үшін музей, музей-қорық ашылудан бұрын сеніп тапсырылған экспозицияны тізім бойынша қабылдап алып, жұмыс аяқталғаннан кейін басшыға өткізеді;

витриналарға күтім жүргізеді, этикетаждың бар болуын, музейдегі, музей-қорықтағы температура мен ылғалдылық деңгейін тексереді, кезекші журналға жазбаларды енгізеді;

музей, музей-қорық бойынша анықталған бұзушылықтар мен ескертпелер журналын жүргізеді;

анықталған кемшіліктер туралы оларды жою үшін өндірістік персоналға, шаруашылық қызметке жедел хабарлама береді;

музей заттарының бүлінулерінің, жоғалуы мен ұрлануының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

жәдігерлердің сақталымы жағдайын қадағалауды жүзеге асырады;

әйнектер мен жәдігерлердің толық сақталымын қадағалайды;

келушілерге қызмет көрсеткенде қызметтік этикетті сақтайды;

музей, музей-қорықтың жұмыс тәртібін сақтайды;

өрт сөндіру құралдарын пайдалану машығын біледі;

материалдық жауапкершілік туралы шарттарға сәйкес өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

329. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Тарихи-мәдени мұранысандарын қорғау және пайдалану туралы" заңдарын.

330. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне қатысты талаптар қойылмай, жалпы орта білім.

4-бөлім. Кітапхана басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

10-тарау. Басшылар лауазымдары

Параграф 1. Кітапхана директоры (меңгерушісі)

331. Лауазымдық міндеттері:

кітапхананың өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтеріне басшылық жасайды, қабылданған шешімдердің орындалуын, оның теңгеріміндегі кітапхана қорының сақталуын, толықтырылуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

кітапхана қызметінің саясатын, стратегиясын және оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтайды;

заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасасады және бұзады;

бұйрықтар шығарады, сотта және мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарын және өзара тиімді әрекеттестігін ұйымдастырады, олардың қызметтерін кітапханалық қызмет көрсетуді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін тиімді пайдалану және дамыту, өмір сүру мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша шаралар қолданады;

ұжымдық шартты дайындауды, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, еңбек уәждемесінің, жұмыскерлер бастамалары мен белсенділігінің дамуына жағдай жасайды;

кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шешеді, қызметтің жеке бағыттарын директор орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер жетекшілеріне тапсырады.

332. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

333. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Кітапхана директорының (меңгерушісінің) орынбасары

334. Лауазымдық міндеттері:

кітапхананың стратегиялық жоспарларын жасауға қатысады;

кітапхананың экономикалық қызметін, ұсынылатын кітапханалық қызмет сапасын ұйымдастыруды және жетілдіруді жүзеге асырады;

ұйым бөлімшелерінің қызметтерін басқарады және үйлестіреді, экономикалық жоспарлардың негізділігін арттыруға, ғылым мен техника жетістіктерін ескеріп, озық техникалық-экономикалық нормативтер негізінде жоспарлық көрсеткіштерді және еңбек шығындарын анықтауға, өндірісті және еңбекті ұйымдастыруға ықпал етеді;

кітапхана қызметінің негізгі көрсеткіштерін жоспарлауды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді;

кітапхана қызметі учаскелеріндегі материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын үнемдеу тәртібін қатаң қадағалауды қамтамасыз етеді;

ұйымда қолданылатын жоспарлау, есепке алу және есеп беру құжаттамаларының тиімді пішінін жасауды, басқарудың және есептеу техникаларының автоматтандырылған жүйесін енгізуді ұйымдастырады;

қаржы тәртібін сақтауды, жоспарлы тапсырмалардың орындалу барысын бақылауды қамтамасыз етеді, кітапхана қызметінің және оның бөлімшелерінің нәтижелеріне кешенді экономикалық талдау жүргізуді және бағалауды;

кітапхананың кітапханалық қорын қалыптастыруды, пайдалануды және дамытуды ұйымдастырады;

мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруды басқарады, жарнама қызметін және қоғаммен қарым-қатынасты жетілдіреді;

қажетті есепке алуды жүргізуді және есептілік жасауды ұйымдастырады.

335. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Жарнама туралы" заңдарын.

336. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Кітапхананың құрылымдық бөлімшесінің (филиалдың, орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) басшысы

337. Лауазымдық міндеттері:

кітапхананың тиісті құрылымдық бөлімшесінің, филиалының жұмысын басқарады, қызметкерлердің міндеттерін орындауын, келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын жасауды, қажетті есептілік дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

құрылымның талдау, әдістемелік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады;

шығармашылық бастамаларды дамытуға ықпал етеді және қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруды ұйымдастырады;

қызметкерлердің еңбек және өндіріс тәртіптерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауларын қамтамасыз етеді;

тұрғындарға кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету жағдайына талдау жасайды, оны жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді;

тұрғындардың кітапханалық-библиографиялық қызметке қажеттіліктерін зерделейді, кітапханалық-библиографиялық үдерісті автоматтандыруға қатысты жұмыстарға қатысады;

үздік кітапханалық тәжірибелерді анықтайды, жинақтайды және тәжірибеге енгізеді, кітапхана жұмыскерлерінің біліктіліктерін арттыратын іс-шараларға тікелей қатысады, әдістемелік материалдар құрастырады;

оқырмандарға қызмет көрсетуді, кітап қорының және кітапхананың мүліктерінің сақталымын қамтамасыз етеді;

түрлі ведомстволардың кітапханаларымен және мүдделі мекемелермен іскерлік байланыстарды үйлестіреді және қолдайды;

қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғаныс талаптарын сақтауын қадағалайды.

338. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

339. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылым" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандар лауазымдары

Параграф 1. Кітапханашы

340. Лауазымдық міндеттері:

кітапхана үдерістерін орындайды: кітап қорын толықтыру, кітап қорын өңдеу және каталогтау, каталогтарды және анықтамалық-библиографиялық аппараттардың басқа да элементтерін ұйымдастыру және пайдалану, автоматтандырылған мәліметтер қорын жүргізу және пайдалану, қорларды есепке алу, ұйымдастыру және сақтау, оқырмандарға қызмет көрсету, көпшілік жұмыс, көрнекі безендіру;

кітапхананың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына, кітапхананың іс-шаралар жоспарларын жасауға және оны жүзеге асыруға қатысады, кітап қорының сақталуын қамтамасыз етеді.

341. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелерін, оқырмандарды, кітап қорын толықтыруды, есепке алуды, кітап қорларын сақтауды ұйымдастыру сипаттамаларын жасауды және каталогтауды жүргізуді, оқырмандармен көпшілік және жеке жұмыс жасау түрлері мен әдістерін, баспа өнімдерін көрнекі насихаттауды, отандық және шетел кітапханалардың жұмыс тәжірибелерін.

342. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта

кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: кітапханалық жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 2. Библиограф

343. Лауазымдық міндеттері:

ақпараттық-библиографиялық үдерістерді қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды атқарады, кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын құруға және жүргізуге, библиографиялық материалдарды дайындауға қатысады;

дәстүрлі және автоматтандырылған тәртіпте анықтамалық-библиографиялық аппаратты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді, әртүрлі күрделі библиографиялық анықтамаларды дайындайды;

оқырмандарға анықтама-библиографиялық және ақпараттық қызметтер көрсетеді; кітап қорының сақталуын қамтамасыз етеді.

344. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кітапхана ісі, библиографиялау және информатика теориясы мен тәжірибесін, кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелерін, баспа басылымдары сипаттамасының, картотекаларды жүргізу жұмыстарын, библиографиялық материалдарды жасау, еңбек және басқару негіздерін.

345. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі)

білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша санаты жоқ біліктілігі жоғары маман лауазымы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "іс қағаздар жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 3. Әдіскер

346. Лауазымдық міндеттері:

өңір халқына кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету жағдайына талдау жүргізеді, оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді, жалпылама материалдар дайындайды;

кітапхана қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша тәжірибелерге, ғылыми зерттеулерге қатысады және (немесе) ұйымдастырады;

кітапханалардың жұмыс жоспарларын жасауға және жүзеге асыруға қатысады;

тұрғындардың кітапханалық-библиографиялық қызметке қажеттіліктерін зерделейді, кітапханалық-библиографиялық үдерісті механикаландыруға және компьютерлеуге қатысты жұмыстарға қатысады;

үздік кітапханалық тәжірибелерді айқындайды, жинақтайды және тәжірибеге енгізеді, кітапхана қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыратын іс-шараларды ұйымдастарады және тікелей қатысады, әдістемелік материалдар құрастырады, кітапхана қызметкерлеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

түрлі ведомстволардың кітапханаларымен және мүдделі мекемелермен іскерлік байланыстарды қолдайды.

347. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кітапхана ісі, библиографиялау және информатика теориясы мен тәжірибесін, кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелерін, баспа басылымдары сипаттамасының, картотекаларды жүргізу жұмыстарын, библиографиялық материалдарды жасауды.

348. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта

арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "іс жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "іс жүргізу және мұрағаттану" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 4. Мультимедиалық басылымдармен жұмыс жөніндегі кеңесші

349. Лауазымдық міндеттері:

оқырмандарға қызмет көрсетуді және жабдықтарды үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

оқырмандардың сұраныстары бойынша электрондық баспа өнімдерін сатып алуға қатысады және олардың есебін жүргізеді;

басылымдардың көрмесін ұйымдастырады;

пайдаланушыларға электрондық тасығыштардағы электрондық басылымдармен жұмыс істеу, ғаламтор желісінде электрондық мәліметтер қорын іздеу бойынша кеңес береді;

электрондық кітапхананы қалыптастырады;

жабдықтардың ақауларын дер кезінде анықтап, оларды жою мақсатында оларға сынамалық және профилактикалық байқаулар жүргізеді;

жабдықтарды қабылдауға, пайдаланушының талаптарын ескере отырып, жабдықтарды жаңарту және жетілдіру жұмыстарына қатысады.

350. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

отандық және шетелдік кітапханалардың ақпараттық технологиялар саласындағы жұмыс тәжірибесін.

351. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары техникалық (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

5-бөлім. Мәдени-демалыс ұйымдары басшылары, мамандары және басқа қызметшілері

лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Басшылар лауазымдары

Параграф 1. Ұйым (Халық шығармашылығы үйі, Демалыс орталығы, Мәдениет (үйі)

сарайы, мәдениет пен демалыс саябағы) басшысы

352. Лауазымдық міндеттері:

мәдени-демалыс ұйымдарының қызметтеріне басшылық етеді;

шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды, жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарды ұйымдастырады;

байқаулар мен фестивальдарды, халық шығармашылығының байқауларын, көркемөнерпаз жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді;

көркемөнерпаз ұжымдарының жұмыстарын бақылауды жүзеге асырады;

саябақтың және оның бөлімшелерінің аумағында эстрадалық театрлар, кинодәрістер, планетриялар, кітапханалар, би және ойын павильондары мен алаңдар, мұз айдындар, шаңғы және қайық станцияларын, мәдени-тұрмыстық және спорттық құрал-жабдықтарды жалға беру базаларын, әртүрлі аттракциондар және халыққа қызмет көрсететін нысандарды, сондай-ақ үрмелі аспаптар және эстрадалық оркестрлерді, көркемөнерпаздар ұжымын, әртүрлі секцияларды ұйымдастырады, бақ-саябақ шаруашылығының дамуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

білікті мамандарды әдістемелік құралдар, сценарийлер, репертуар жасауға, осы материалдарға пікір жазу және көркемөнерпаздар ұжымына шығармашылық көмектер көрсету жұмыстарына тартады;

мамандарға кәсіби шеберліктерін арттыру үшін жағдайлар жасайды, жұмыскерлердің шығармашылық бастамаларын ынталандырады;

ұйым қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртіптерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауларын бақылайды.

353. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

354. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Ұйым (Халық шығармашылығы үйі, Демалыс орталығы, Мәдениет сарайы (үйі), мәдениет және демалыс саябағы) басшысының орынбасары

355. Лауазымдық міндеттері:

мәдени-демалыс ұйымдары құрылымдық бөлімдерінің, филиалдардың жұмысын басқарады;

тұрғындарға қызмет көрсету бойынша ғылыми-зерттеу, әдістемелік, ақпараттық жұмыстарды жоспарлап, ұйымдастырады;

келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын жасауды ұйымдастырады және олардың жүзеге асуын, тұрғындардың сұраныстарын жедел қанағаттандыруды қамтамасыз етеді;

мәдениеттің басқа саласындағы ғылыми жетістіктерді зерделейді және тәжірибеге енгізуді ұйымдастырады.

356. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

357. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Планетарий директоры

358. Лауазымдық міндеттері:

планетарийдің ғылыми-ағартушылық және қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды;

жұмыстың ғылыми-теориялық бағытын, астрономиядағы ғылыми көзқарастарды насихаттауды қамтамасыз етеді;

астрономия, ғарышкерлік, физика және білімнің басқа салалары бойынша дәрістер, бас қосулар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады, жасанды аспанды күнмен, жұлдыздармен, ғаламшарлармен, жер серіктері және ғарыш құрылғыларымен көрсетуді ұйымдастырады;

планетарийді білікті кадрлармен қамтамасыз ету шараларын қолданады, олардың тиімді орналасуын, лайықты жұмыс атқаруларын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын дамытуға және біліктіліктерін арттыруға жәрдемдеседі;

планетарий қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауларын бақылайды;

планетарий қызметі туралы бекітілген есептіліктің есебін және жасауды ұйымдастырады.

359. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

360. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар немесе экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" немесе "жаратылыстану ғылымдары" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Бөлім меңгерушісі (Халық шығармашылығы үйі, Демалыс орталығы, Мәдениет сарайы (үйі)

361. Лауазымдық міндеттері:

бөлім жұмысына басшылықты жүзеге асырады;

іс-шаралар сценарийлерін жасауға басшылық етеді, озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді, оны жұмыс тәжірибесіне енгізу туралы ұсыныстар дайындайды;

кадрларды оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауын бақылайды;

мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-спорт жұмыстарын ұйымдастырады;

саябақ ойын-сауық шараларының, спорттық құрылыстардың, аттракциондардың, студиялардың қызметін жоспарлап, жұмысын қамтамасыз етеді.

362. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын;

мәдени-демалыс жұмысының түрлері мен әдістерін, халық шығармашылығының даму перспективаларын, отандық және шетел әдістемелік орталықтарының және көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмыс тәжірибелерін.

363. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" неме "қызмет көрсету" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басқарушы лауазымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 5. Астрономиялық алаңқай меңгерушісі

364. Лауазымдық міндеттері:

астрономиялық алаңда астрономия тақырыбында дәрістер, басқосулар өткізуді, телескоп арқылы аспан денелерін бақылауды, астроном ғалымдармен кездесуді және басқа іс-шараларды ұйымдастырады;

телескоптың және алаңқайдағы жабдықтардың пайдаланылуын, олардың жұмыс жағдайын бақылайды, алаңға келушілерге телескоп пен қосымша аппаратураларды пайдалану жөнінде кеңес береді;

астрономиялық алаңдағы жабдықтар мен аппаратуралардың сақталуын, алаңқайдағы және оның төңірегіндегі аумақтың тазалығының сақталуын қамтамасыз етеді, есеп және белгіленген есептілікті жүргізеді.

365. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарын;

астрономия негіздерін, дәріс оқу әдістемесін, қарапайым астрономиялық жабдықтардың жұмыс істеу қағидасын.

366. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" немесе "жаратылыстану ғылымдары" мамандықтары бойынша

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 6. Мәдениет және демалыс саябағын пайдалану бөлімінің меңгерушісі

367. Лауазымдық міндеттері:

саябаққа басшылық жасауды жүзеге асырады және саябақ нысандарын техникалық тұрғыдан пайдалануды және оларға бекітілген қаржы-өндірістік жоспарлардың орындалуын, олардың материалдық-техникалық жабдықталуын және пайдалануға дайындауды қамтамасыз етеді;

еңбек шығындарының және материалдық қорлардың мүмкіндігінше аз жұмсалуды кезінде өндірістік қуатты барынша қолдануды, үнемдеу, материалдар, отын, электр қуаты шығындары тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;

аттракциондар мен оның жабдықтарының барлық түрлерінің апатсыз әрі сенімді түрде жұмыс істеуін, оны пайдалануды және қалыпты жұмыс жағдайының сақталуын қамтамасыз етеді;

оларды жүйелі түрде тексеруден өткізеді, апатты жағдайды жою бойынша шаралар қолданады;

кадрларды лайықты орналастырып, олардың біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауын бақылайды.

368. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын;

аттракциондарды қолдану, жөндеу жұмыстарынан кейін жабдықтарды қабылдап алу және өткізуді, экономика негіздерін.

369. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Параграф 7. Клуб меңгерушісі

370. Лауазымдық міндеттері:

шығармашылық, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырады және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады;

елді мекен (ықшамаудан), сондай-ақ жақын маңдағы елді мекен (ауыл, кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;

клуб жұмысының жоспарын жасайды, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

көркемөнерпаздар үйірмелері мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады;

демалыс кештерін, тақырыптық концерттер, кештер және көпшілік шараларды өткізеді;

қоғамдық клуб белсенділеріне мәдени-көпшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді.

371. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын;

клуб жұмыстарын ұйымдастыруды.

372. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандар лауазымдары

Параграф 1. Режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, концертмейстер, мәдени-

демалыс ұйымының (көркемөнерпаздар ұжымы) көркемдік жетекшісі

373. Лауазымдық міндеттері:

театр ұжымының (музыкалық, хор, хореографиялық) жұмысын басқарады;

ұйымның ұйымдастыру-шығармашылық іс-шараларын өткізуге қатысады;

спектакль қойылымдарын, концерттік, музыкалық және би бағдарламаларын жүзеге асырады;

репертуар, ноталық материалдар, орындаушылар құрамын таңдайды, олармен топтық және жеке дайындықтар өткізеді;

нөмірді орындауды жетілдіруді, орындау шеберлігін арттыруды қамтамасыз етеді;

жұмысқа шығармашылық қызметкерлер мен топтарды, қоғамдық ұйымдарды, көркемөнерпаздар ұжымдарын, дирижерлерді, хормейстерлерді тартады;

ұйымның әдістемелік кабинетінің жұмысына, тақырыптық кештер, театрландырылған мерекелер, карнавалдар, халықтық серуендер мен көпшілік іс-шаралар дайындау жұмысына қатысады, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілеріне көмектеседі;

дайындықтар мен қойылымдардың есебін жүргізеді.

374. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

клуб жұмысын ұйымдастыруды, өнердің сәйкес түрінің теориясын, репертуарды қалыптастыру қағидаларын, көркемөнерпаздар ұжымының озық жұмыс тәжірибелерін.

375. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы

бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 2. Қоюшы-балетмейстер (ән және би ансамблі)

376. Лауазымдық міндеттері:

хореография өнерінің авторлық шығармаларын жасайды;

жаңа және жанартылған балет спектакльдерін және түрлі жанрлар көрінісіндегі хореография қойылымдарын қоюды жүзеге асырады;

ұйым басшылығына қойылым топтарының құрамы туралы ұсыныстар береді;

басшылықтың және (немесе) көркемдік кеңестің бекітуіне қойылымның сахналық безендіру эскиздері мен макетін ұсынады;

дайындықтар жүргізеді, дайындықтарға қатысатын қойылым тобы мен көркемдік-қоюшы топ қызметкерлерінің жұмысына жетекшілік етеді;

бұрын қойылған қойылымдарға жаңа орындаушыларды жоспарлы, жедел және шұғыл енгізуді жүзеге асырады.

377. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

хореография өнерінің теориясы мен тәжірибесін, қойылымдардың сахналық безендірілуін, музыкалық өнер негіздерін, отандық және әлемдік балет, ән, театр, цирк өнерінің және әдебиетінің тарихын, сахна технологиясын, орындаушылық өнер саласындағы экономиканы және басқаруды.

378. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореография" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "хореографиялық өнер" мамандығы бойынша орта кәсіби техникалық (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 3. Әдіскер

379. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның мәдени-демалыс жұмысын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдар, ұсынымдар жасайды;

мәдениет ұйымдарының жұмыс тәжірибесін зерттеп, жинақтайды, оны насихаттап, тәжірибеге енгізуді ұйымдастырады;

жиналыстар, семинарлар, дәрістер, тақырыптық кештер, концерттер және басқа да көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға, сондай-ақ көрнекілік құралдар мен материалдар дайындауға қатысады;

мекемеге қарасты ұйымдардың қызметі туралы материалдарды жүйелейді және олардың жұмыстарын жетілдіру туралы ұсыныстар дайындайды;

әуесқой бірлестіктердің, мүдделері бір клубтардың шығармашылық ахуалын зерттейді, неғұрлым шығармашылық жетілдірілген топтарды анықтайды;

мәдени-көпшілік іс-шаралардың сценарийлерін дайындауға және қоюға қатысады.

380. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

клуб жұмысын ұйымдастыруды, мәдени-демалыс жұмыстарының мәселелері бойынша басқарушы материалдарын, мәдени ұйымдардың озық жұмыс тәжірибелерін.

381. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе "қызмет көрсету" немесе "әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "қызмет көрсету, экономика және басқару" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санаттағы маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "қызмет көрсету, экономика және басқару" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санаттағы маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "қызмет көрсету, экономика және басқару" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "қызмет көрсету, экономика және басқару" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 4. Кітапханашы

382. Лауазымдық міндеттері:

тиісті бөлімнің бағдары мен технологиясына сәйкес кітапхана үдерістерін орындайды: кітап қорын толықтыру, өңдеу және каталогтау, каталогтарды және анықтамалық-кітапнамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыру және пайдалану, автоматтандырылған мәліметтер қорын енгізу және қолдану, есепке алу, қорларды ұйымдастыру және сақтау, оқырмандарға қызмет көрсету, көпшілікпен жұмыс, көрнекіліктермен безендіру;

кітапхананың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына қатысады, кітап қорларының сақталуы үшін жауапкершілікте болады;

келешектегі және ағымдағы жоспарларды құруға және жүзеге асыруға қатысады;

мәдениет ұйымдарының жұмыс тәжірибелерін зерттеп, жинақтайды, оны насихаттап, тәжірибеге енгізуді ұйымдастырады;

жиналыстар, семинарлар, дәрістер, тақырыптық кештер, концерттер және көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;

мәдени-көпшілік іс-шаралардың сценарийлерін дайындауға және жасауға қатысады.

383. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелерін (кітапхананың тиісті түрі үшін), оқырмандарды, қорды толықтыруды, есепке алуды, кітап қорларын сақтауды ұйымдастыру сипаттамаларын және каталогтарды жүргізуді, оқырмандармен көпшілік және жеке жұмыс жүргізу әдістерін, отандық және шетел кітапханаларының жұмыс тәжірибелерін (өз қызметінің бағыты бойынша), клуб жұмысының ұйымдарылуын.

384. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе педагогикалық білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе педагогикалық білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе педагогикалық білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 5. Мәдени ұйымдастырушы

385. Лауазымдық міндеттері:

ойын-сауық, халықтың көңілін көтеру, ойын түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлер, тақырыптық бағдарламалар, топтық қызмет көрсету түрлерін, көркем безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттер үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркем және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық топтарды, жеке әншілерді шақырады;

эскиздер мен реквизит заттарын жасайды;

концерттік бағдарламалардың фонограммаларын дайындайды;

смета дайындап, ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

386. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы"; "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

клуб жұмысының ұйымдастырылуын, мәдени-демалыс жұмыстарының мәселелері бойынша басқарушы материалдарын, мәдени ұйымдардың озық жұмыс тәжірибелерін.

387. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "білім беру" немесе "қызмет көрсету" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

2) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 6. Бағдарлама жасау жөніндегі әдіскер

388. Лауазымдық міндеттері:

клуб жұмысының әр түрлі түрлерін пайдаланып мәдени-демалыс қызметін ұйымдастырады;

байқаулар, халық шығармашылығы фестивальдерін өткізеді;

байқауларға, фестивальдерге және шоу бағдарламаларға сценарийлер дайындайды;

клуб мекемелеріне көмекке әдістемелік оқулықтар дайындап, үздік клуб мекемелерінің жұмысын насихаттайды.

389. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" заңын;

өнер тарихы мен теориясы негіздерін, ойындар мен ойын-сауықтың пайда болу тарихын, олардың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық функцияларын, аудиторияны жандандыру әдістері мен тәсілдерін.

390. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

2) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 7. Хореограф

391. Лауазымдық міндеттері:

сабақтар жүргізеді;

хореография негіздерін оқытады;

би бағдаламаларын дайындайды, репертуарлар таңдайды;

топтық және жеке дайындықтар өткізеді;

мүлтіксіз орындауды, орындаушылық шеберліктің өсуін қамтамасыз етеді;

ұйымның әдістемелік кабинеттері жұмыстарына, тақырыптық кештерді, сахналандырылған мерекелерді, карнавалдарды, жаппай серуендерді және көпшілік іс-шараларды өткізу дайындығына қатысады, өз саласы бойынша үйірме жетекшісіне, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілеріне көмек көрсетеді;

392. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыкалық сауаттылық, өнер тарихы мен теориясы негіздерін, ойындар мен ойын-сауықтың пайда болу тарихын, олардың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық функцияларын, аудиторияны жандандыру әдістері мен тәсілдерін.

393. Біліктілікке қойылатын талаптар;

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

2) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 8. Би кешін жүргізуші (Диск-жокей)

394. Лауазымдық міндеттері:

би кештерін өткізуге қатысып, сценарий дайындауға, іс-шараның музыкалық бағдарламаларын көркемдік безендіруге, түстік безендіруге, әр түрлі жастағы келуші топтар үшін музыкалық репертуарларды таңдауға қатысады;

би кештерін өткізіп, басқарушы және жүргізуші ретінде музыкалық бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді.

395. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" заңын;

мәдени-көпшілік жұмыстардың үлгілері мен әдістерін, би және музыка өнерінің тарихы мен теориясын, конференс негіздерін, отандық жетекші дискотекалар мен ди-джейлердің озық тәжірибелерін.

396. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және (немесе) кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 9. Сүйемелдеуші

397. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдар мен хор дайындығын, музыкалық, хореографиялық көркемөнерпаздар ұжымын, ансамбльдер және әншілерді музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

әншілер, музыкалық және вокалдық ансамбльдер, хореографиялық ұжым репертуарларын үйренеді;

көпшілік көрсетілімдер, сахналандырылған мерекелер, халықтық той-думандар, балдар, демалыс кештері және бұқаралық іс-шараларға қатысады.

398. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

музыка теориясы мен тарихын, көркемөнерпаздар ұжымымен жұмыс істеу әдістемесін, көркемөнерпаздар мен әншілер ұжымы репертуарларын қалыптастыру қағидаларын, еңбек пен басқару негіздерін.

399. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 10. Суретші (суретші-безендіруші)

400. Лауазымдық міндеттері:

шараның, жекелеген құрылымдардың, көрме, стендтер, баспа материалдарының көркем безендірілуінің сызбаларын жасауды жүзеге асырады және олар бойынша көркем-безендіру жұмыстарын орындайды;

жаңа саябақ құрылыстарды, сондай-ақ қолданыстағы құрылыс нысандарын қайта құру кезінде көркем-безендіру жоспарының іске асуына атсалысады;

мәдени-ағарту мекемелері ғимараттарының және олардың құрылыстарының көркемдік безендірілуін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жасайды.

401. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы"; "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

көркем-безендіру жұмыстарының техникасы мен технологиясын, сурет техникасын, ең озық әрлеу құрылыс материалдарын және оларды безендіру жұмыстарында қолдану техникасын, еңбек пен басқару негіздерін.

402. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша

біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2) I санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3) II санаттағы: "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім болуы. біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санаттағы маман ретінде 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

6-бөлім. Зообақ басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілердің біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Басшылар лауазымдары

Параграф 1. Зообақ директоры

403. Лауазымдық міндеттері:

зообақтың өндірістік-қаржылық қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады;

зообақтың жабайы жануарлар коллекцияларын сақтау, жануарларды көрермендерге көрсету, ғылыми-зерттеу жүргізу, зоология саласында табиғатты қорғау, экологиялық білім бағыттары мен міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

зообақты жануарлардың сәйкес түрлерімен жинақтауды, биологияны зерттеуді және зообақ топтамасын құрайтын жабайы жануарларды өсіруді ұйымдастырады;

жануарларды ұстау, күту және сақтауды ұйымдастырады;

экспозиция, тұрақты және жылжымалы көрмелер, жануарлар театрын, экспозиция және көрмелерге экскурсия, дәрістер, кеңес беру, жасөспірімдердің қызығушылар станцияларын және бұқаралық шаралар ұйымдастырады;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды дамытады, озық тәжірибені пайдаланады;

зообақты мамандармен қамтамасыз ету шараларын қабылдайды, оларды тиімді орналастырады және мақсатты пайдаланады;

зообақ жұмысшыларының өндірістік және еңбек тәртібін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын, өндірістік санитария техникасын сақтауын бақылайды.

404. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

405. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Зообақ директорының орынбасары

406. Лауазымдық міндеттері:

зообақтың өндірістік-шаруашылық, ғылыми-ағартушылық және ұйымдастырушылық жұмыстарына басшылық жасайды;

зообақты материалдық-техникалық жабдықтаудың ағымдағы және келешектегі жоспарын дайындайды, техникалық жабдықтау жөнінде шарт жасасады;

зообақ бөлімдеріндегі ғылыми-өндірістік жұмыс барысын, коллекцияларды жинақтау бойынша, тәлімбақтармен, зообақтармен, жеке тұлғалармен ынтымақтастық жөніндегі жасалған шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді;

жануарларды ұстау және өсіру жұмыстарына басшылық жасайды;

зообақ жануарларының экспозициясын ұйымдастырады, оларды көрсету реттілігі мен әдістерін анықтайды;

зоотехникалық есеп және жануарлар басының есебін жүргізуге бақылау жасайды;
зообақтың барлық жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және қызмет көрсету бойынша шаралар ұйымдастырады;

жөндеу жұмыстарын жүргізетін бригадаға тікелей басшылық жасайды және жұмыс сапасын тұрақты бақылайды;

жануарлардың азығын пайдалануды және сақталуын бақылайды, олардың жарамдылығын анықтауға және қабылдауға қатысады;

бөлімдердегі бақылау азығын беру жұмыстарына қатысады;

тордың, шарбақтар мен құралдардың, су құбырларының, кәріздер мен электр жүйелерінің дұрыстығын тұрақты қамтамасыз етеді;

азық және шөптерді дайындау, аумақты жинастыру бойынша негізгі бөлімдердің, автогараждың, шаруашылық алаңдарының жұмыстарын қамтамасыз етеді;

көлік тасымалын, жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарын ұйымдастырады.

407. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Ветеринария туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын;

жабайы жануарлар биологиясы, мал дәрігерлік және зоотехникалық қызмет негіздерін, еңбек және басқару негіздерін.

408. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Ветеринарлық бөлімінің меңгерушісі

409. Лауазымдық міндеттері:

бөлімнің ғылыми-өндірістік, зоотехникалық және әкімшілік-шаруашылық жұмыстарына басшылық жасайды;

жануарларға алдын алу, ветеринариялық, санитарлық және емдеу шараларын жүргізуді және аурудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады;

жануарларды азықтандыратын азық сапасын қамтамасыз етеді, азық қорын нығайту, азықты дайындау, сақтау және пайдалану бойынша шараларды жасауға және жүзеге асыруға қатысады;

зообақтың өндірістік-экспозициялық орын-жайлары мен аумағының ветеринарлық-санитарлық жағдайын қамтамасыз етеді және ол үшін жауапкершілікте болады;

карантин және оқшаулау кезіндегі алдын алу және емдеу жұмыстарын ұйымдастырады;

дәрі-дәрмек, биопрепарат, зарарсыздандыру құралдарына қажеттілікті анықтайды, олардың қажетті пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

ветеринарлық қызмет жұмысшыларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

ветеринарлық зертхана, клиника, ғылыми-зерттеу институттары, зооветеринариялық оқу орындарымен байланысты жүзеге асырады;

жануарлар және олардың тұқымын өсіруге басшылық жасайды.

410. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Ветеринария туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

жануарларды топтастырудың негіздері мен қағидаларын, оларды күтіп-бағуды және өсіруді, генофонды есептеу жүйесін, жабайы жануарлар биологиясын, оларға тән ауруларды, оларды алдын алу және емдеуді, жабайы жануарларды қамап ұстау, ветеринарлық және зоотехникалық қызмет негіздерін.

411. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 4. Азықтандыру бөлімінің меңгерушісі

412. Лауазымдық міндеттері:

бөлімнің ғылыми-өндірістік, зоотехникалық және әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырады және басшылық жасайды;

зообақтағы жануарларды азықтандырудың ғылыми негіздемесін және нормасын жүзеге асырады, азықтандыру рационын жетілген, негізделген және тексерілген тәжірибеге сәйкес енгізеді және ұстау, өсіру деңгейін көтеруге жағдай жасайтын азықтарды өндеудің технологиясын өндіріске енгізеді;

жануарлардың азықтық рационын жасайды;

азықтың орталық қоймада сақталуын бақылайды, азықтандыру үшін жарамдылығын анықтауға, азықты қабылдауға, бақылау азығын беруге қатысады;

зообақтың нақты азықтық қорын қалыптастыру бойынша шаралар дайындайды және жүзеге асырады.

413. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

ветеринария қызметіне қатысты, экспозиция жинақтаудың негіздері мен қағидаларын, еңбек және басқару негіздерін.

414. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 5. Бөлімше меңгерушісі (жыртқыштар, тұяқтылар, приматтар, құстар, жыртқыш құстар)

415. Лауазымдық міндеттері:

бөлімнің әкімшілік-шаруашылық және ғылыми-өндірістік жұмыстарына басшылық жасайды;

зообақтың ғылыми-ағартушылық және табиғатты қорғау қызметін ескере отырып, коллекциялар мен экспозицияларды толықтыруды жоспарлайды және жануарлардың жағдайы үшін жауапкершілікте болады;

азықтандыруға, жануарларды өсіруге, бөлімдегі тазалық пен тәртіпке бақылау жасайды;

жануарларға зоотехникалық қызмет көрсету және күтіп-бағу жағдайын жақсарту бойынша шаралар дайындайды;

жануар басының сақталымы, жабдықтар, орын-жай, жануарларды тасымалдауға дайындау, оларды тасымалдауды ұйымдастыру, торлар аумағының жануарлардың көлеміне сай болуы үшін жауапкершілікте болады;

табиғаттағы жануарларды ұстап алуға және зерттеуге байланысты экспедицияларға қатысады;

топтама қалыптастыру, жануарларды бағу, өсіру, тамақтандыру, экспозицияға қою саласындағы жұмыстардың бағытын анықтайды.

416. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

зоология, этиология, зоотехника, генетикалық бақылау және селекциялау жұмысы негіздерін.

417. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 6. Ветеринариялық зертхананың меңгерушісі

418. Лауазымдық міндеттері:

зертхана қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

зертханалық-диагностикалық зерттеулер жүргізеді;

зообақтағы жабайы аңдардың ауруларын зерттеуді ұйымдастырады;

жабайы аңдардың ауру түрлеріне байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

өлген аңдарды союға қатысады және өлімінің себебін анықтайды;

ветеринарлық зертханалармен, ғылыми-зерттеу және ветеринарлық институттармен байланысты жүзеге асырады;

ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруды жетілдіреді, отандық және шетелдік ғылым мен зертханалық жетістіктерді пайдалануды қамтамасыз етеді;

зертхана қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртіптемесін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өндірістік санитария талаптарын сақталуын қамтамасыз етеді, олардың біліктіліктерін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

419. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Ветеринария туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

жабайы аңдар биологиясының негіздерін.

420. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 7. Зооасхана меңгерушісі

421. Лауазымдық міндеттері:

зооасхананың ғылыми-өндірістік және шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырады және басшылық жасайды;

құрал-жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

азықты дайындау технологиясына және жануарларды азықтандыру үшін оларды жұмысшыларға беру технологиясын бақылайды;

жануарларды азықтандыру кестесінің қатаң сақталуына жауап береді;

жануарлардың азықтануын бақылауды ұйымдастырады;

азықтану рационының қатаң сақталуын бақылайды;
азықтану рационын дайындау және өзгерту бойынша ғылыми-өндірістік жұмыстар жүргізеді;

зооасханадағы санитарлық жағдайдың дұрыстығын қамтамасыз етеді;
техникалық және өрт қауіпсіздігіне жауапты.

422. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

жануарларды бағу және азықтандырудың биологиялық ерекшеліктерін, жануарлардың азық мөлшерін, азықты дайындау және өңдеу технологиясын, азық-түлікке шығын ордерлерін жүргізу, азық-түлік шығын тізімдемесін құрастыру және жүргізуді, ветеринариялық және зоотехника қызметі негіздерін.

423. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандар лауазымдары

Параграф 1. Зоотехник

424. Лауазымдық міндеттері:

жануарлардың қажетті күтімі мен азықтандырылуын, оларға арналған үй-жайларда температура және ылғалдылық режимін, жануарларды күтімге алғанда және ұстап тұрғанда қолданылатын барлық құралдар мен аспаптардың жарамдылығын қамтамасыз етеді:

азықтандыру есептерін және жемазық тізімдемелерін құрастырады;

жануарлардың орнын ауыстыруларды, тасымалдауды және қайта орналастыруды жүзеге асырады;

дәрігерлік-профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін жануарларды ұстап тұруды және (немесе) аулауды қамтамасыз етеді;

жануарлар бар орын-жайларды қайта кодтауды жүзеге асырады;

жануарларды емдегенде ветеринар-дәрігерлерге көмек көрсетеді.

425. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; "Ветеринария туралы" заңдарын;
зоотехникалық және ветеринарлық қызмет негіздерін, жануарлар мен құстар биологиясын.

426. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 2. Ветеринар дәрігер

427. Лауазымдық міндеттері:

зообақ жануарларының өлім-жітімі мен аруларының алдын алу үшін ветеринарлық-профилактикалық, ветеринарлық-санитарлық және клиникалық-зертханалық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді;

бекітіліп берілген секцияларда жануарларды күн сайынғы қадағалауды жүзеге асырады;

өндірістік орынжайлар мен аумақтың ветеринарлық-санитарлық жағдайын қадағалайды;

зообаққа жаңадан әкелінген жануарларға карантиндік іс-шаралар жүргізеді, ауру жануарларды анықтайды, оларды оқшаулайды, ауруға шалдыққан жануарларға диагностикалық зерттеулер және емдеу, сақтандыру екпелерін, емдеу-профилактикалық өңдеулерді жүргізеді;

азықтардың сапасын және ветеринарлық дәріхананың қызметін қамтамасыз етеді;

зообақ жануарларын жарамсыздыққа шығаруға қатысады және сойыс малдарының етін пайдалану бойынша қорытындылар жасайды;

зообақтың ғылыми жұмыс жоспары бойынша зерттеулер жүргізеді, жабайы жануарларды емдеу мәселелері бойынша зообаққа келушілерге және ұйымдарға кеңестер береді;

ветеринарлық қызмет бойынша есептерді және белгіленген есеп берулерді жүргізеді

428. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

зообақтағы жануарлар мен құстар биологиясын, оларға тән ауруларды, оларды алдын алу және емдеуді, ветеринарлық-санитарлық сараптаманы, ветеринария және ветеринарлық санитариялық сараптама саласында озық жетістіктерді.

429. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы

бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Параграф 3. Зертханашы

430. Лауазымдық міндеттері:

зертханалық талдамалар және зерттеудің түрлерін атқарады;

зерттеулер мен сараптамалардың бастапқы материалдарын жинауға және өңдеуге қатысады;

биологиялық зерттеулер үшін препараттарды, аспаптарды және арнайы киімдерді дайындайды;

зертхана жабдықтарының жарамды болуын қадағалайды, оларды баптау мен реттеуді жүзеге асырады, тиісті сақталуын қамтамасыз етеді;

зерттеулер мен тәжірибелердің орындалуына қатысады, оларды жүргізген кезде даярлық жұмыстарын, сондай-ақ жануарларды қадағалауды жүзеге асырады;

ветеринар дәрігер жүргізетін жұмыстарға құжаттамалар жасауға және ресімдеуге қатысады.

431. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" ; "Ветеринария туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" заңдарын;

зоотехникалық және ветеринарлық қызмет негіздерін, талдаулар, сынақтар және зерттеудің түрлерін жүргізу әдістемелерін, зоотехникалық және ветеринарлық қызмет бойынша басқарушы және анықтамалық материалдарды, зертхана жабдығы мен оны пайдалануды.

432. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында ретінде 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

7-бөлім. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі инспекция басшыларының, мамандарының біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Басшылар лауазымдары

Параграф 1. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі инспекция директоры

433. Лауазымдық міндеттері:

қызметкерлердің жұмысына жалпы басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық, ғылыми қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін бақылайды, ұсыныстар жасайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметке тыйым салу және (немесе) тоқтату туралы мәлімдеме жасайды;

құқық қорғау органдарына тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы заң нормаларын бұзған азаматтарды, ұйымдағы (кәсіпорындағы) және мекемедегі жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс (актілер) енгізеді;

мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз қызметінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

инспекция қызметкерлерін жұмысқа тағайындап, жұмыстан босатады;

жеке және заңды тұлғалармен келісім, операциялар жасайды, бұйрық шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдар алдында мекеменің мүдделеріне өкілдік етеді.

434. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

435. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 2. Бас инспектор

436. Лауазымдық міндеттері:

жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жүргізілетін ғылыми-қалпына келтіру және (немесе) археологиялық жұмыстар бойынша ғылыми-жобалық құжаттарды тексереді және мақұлдайды, тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен елді мекендер жобасын жоспарлау, құрылыс салу және (немесе) реконструкциялау жобаларын қарастырады;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жағдайын, тарихи орындар мен құрылыстардың сақталуын тексеруге қатысады, тексеру нәтижелері бойынша тарих

және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуі, бұзылу қаупі мен ескерткіштерді бұзу туралы ұсыныстар енгізеді;

жер иелерімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді;

жүргізілген зерттеулер негізінде нысандарды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу мәселелерін талқылау үшін алдын ала тізімдер жасайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, лайықтау және қорғауға алу, жөндеу жұмыстары мен олар орналасқан аумақты абаттандыруға байланысты енгізілген өзгерістерді есептік құжаттарға енгізеді;

жер иелерімен және ескерткіш пайдаланушылармен күзет міндеттемелерін, күзет және күзет-жалға алу келісім-шарттарын жасауға қатысады;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші деп тану, сондай-ақ оларды бұл мәртебесінен айыруға байланысты арнайы комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

тарихи-мәдени мұра бойынша мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

437. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын.

438. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Параграф 3. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі

инспекцияның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың)

439. Лауазымдық міндеттері:

ескерткіштерді қорғау бойынша (тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан өңірлердегі қалпына келтіру жұмыстары, қалалық және ауылдық елді мекендердің құрылысы) ғылыми-жобалық құжаттамалар жасайды;

облыс аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің бастапқы тарихи қалпын сақтап қалу үшін ескерткіштің жалпы жағдайын анықтайтын тексеру жұмыстарына қатысады;

тексеру қорытындылары бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің жағдайларына, ауыстырылуына сәйкес ұсыныстар дайындайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және жүргізілетін зерттеулер мен өткізілген қалпына келтіру жұмыстары бойынша құжаттамалар дайындау жұмыстарын қамтамасыз етеді;

тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, бастапқы тарихи қалпына келтіру, қалпына келтіру, жаңарту, жақсарту және ескерткіш төңірегін қоршау мен көгалдандыру жұмыстары бойынша есептік құжаттамаларға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар дайындайды;

нысандарды алдын ала тізімге, тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу туралы ұсыныстар енгізеді, ауданның тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын жасауға қатысады;

ескерткішті пайдаланушылар мен олардың меншік иелері үшін олардың қорғау міндеттемелерін, жалға беру туралы шарттар әзірлейді;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші ретінде мойындау, оларды бұл мәртебесінен айыру үшін қажетті құжаттарды әзірлеу жұмыстарын бақылайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің археологиялық және ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарына қатысады.

440. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын.

441. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе "құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2-тарау. Мамандар лауазымдары

Параграф 1. Инспектор

442. Лауазымдық міндеттері:

тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен елді мекендердің құрылысы, жоспарлану жобалары, реконструкциясы, қорғалу аймақтарындағы барлық жұмыстардың ғылыми-жобалық құжаттарын тексеру мен келісуге қатысады;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жағдайын, тарихи құрылысы мен ортаның сақталуын тексеруге қатысады;

жүргізілген зерттеулерге сәйкес ескерткіштердің тізімін, оны есептік-қорғау құжаттамаларын жасайды;

ескерткіштерді жөндеу, қалпына келтіру, консервациялау және ескерткіштердің орналасқан жерін реттеу, олардың аумақтарын абаттандыру жұмыстарына байланысты тиісті өзгерістер енгізеді;

нысандарды алдына ала тізімге және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу жөніндегі есептік құжаттамалар дайындауға қатысады;

облыстық мәдениет басқармалары атынан жер иелерімен және ескерткіш пайдаланушылармен күзет міндеттемелерін жасауға қатысады;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші деп мойындау, сондай-ақ оларды бұл мәртебесінен айыруға байланысты арнайы комиссияның жұмысын ұйымдастыруға қатысады.

443. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы", "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын.

444. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" мамандықтар тобы бойынша немесе " құқықтану" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.